



ҒЫЛЫМЫ ДАМУЫҒАН ЕЛ
кез келген сын-қатерге
төтеп бере алады

8

Almaty

AQSHAMY



12+

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №31 (6593) 11 сәуір, жұма, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

ҚАРҚЫНДЫ ДАМУ МЕН ТҰРАҚТЫ ӨСІМ

Түрксіб ауданы – Алматының маңызды көлік торабы



Шаһар басшысы Ерболат Досаевтың алматылықтармен дәстүрлі кездесуі Түрксіб ауданында жалғасты. Қала әкімі ауданның 2024 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуының мәліметтерін тарқатты. Аумақтың бүгінгі тынысы мен даму үдерістері жайлы әңгімеледі, тұрғындарды алаңдатқан сан түрлі сауалдарға жауап берді. Ерболат Досаев мәлімдегендей, бүгінгі таңда Түрксіб ауданы Алматының маңызды көлік торабы саналады.

2

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

КӨКТЕММЕН БІРГЕ – БЕРЕКЕ!

Алматыдағы демалыс күнгі жәрмеңкелерге келушілер саны 45 мың адамға жетті

Көктем шуағымен бірге Алматының демалыс күндері өтетін дәстүрлі ауыл шаруашылығы жәрмеңкелері де жаңа қарқынмен жандана түсті.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Соңғы мәліметтерге сәйкес, жәрмеңкелерге апта сайын келетін қала тұрғындары мен қонақтарының саны 45 000 адамға дейін артқан. Бұл – өткен кезеңдермен салыстырғанда, 50%-ға жоғары көрсеткіш. Мұндай өсімнің себебі бірнеше факторға байланысты: жәрмеңкелер инфрақұрылымы жаңартылды, жаңа сауда сөрелері орнатылып, санитарлық жағдайлар жақсартылды. Келушілерге ыңғайлы маршруттар жасалды. Ең бастысы – көктеммен бірге өнім түрлері көбейіп, халықтың қызығушылығы арта түсті.

Бүгінде жәрмеңкелерде Алматы мен Алматы облысының 300-ден астам ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері мен фермерлері өз өнімдерін ұсынады. Апта сайын 800 тоннаға жуық азық-түлік – жаңа піскен ет, жұмыртқа, сүт және ашытылған сүт өнімдері, көкөністер, жемістер, бал, шұжық және басқа да 1000-нан астам атаулы тауарлар саудаға шығарылады. Жәрмеңкелерді «Almaty» әлеуметтік-

кәсіпкерлік корпорациясы (ӘКК) ұйымдастырып отыр. Бағаны тұрақтандыру мақсатында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары нарықтық бағадан 15–20% төмен сатылуда.

Жәрмеңкелер әр сенбі мен жексенбі күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін келесі мекенжайларда өтеді:

- Алмалы ауданы – Масаншы көшесі (Әйтеке би мен Гоголь көшелерінің арасы);
- Әуезов ауданы – Өтеген батыр көшесі (Абай даңғылынан төмен);

• Бостандық ауданы – «Қазақфильм» ықшамауданы (әл-Фараби даңғылынан жоғары);

• Медеу ауданы – Меңдіқұлов бульвары – Бектұров көшесі.

Алматылықтар үшін бұл жәрмеңкелер – жай ғана сауда орны емес, отбасымен бірге серуендеп, сапалы әрі табиғи өнім сатып алуға таптырмас мүмкіндік. Көктемгі серектік пен ауылдың бал татыған дәмін қала ішінде сезінгіңіз келсе – жәрмеңкеге келіңіз!



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы

11.04.2025

Түнде:



+10+12 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+21+23 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

12.04.2025

Түнде:



+12+14 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+25+27 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

13.04.2025

Түнде:



+11+13 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+25+27 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

www.aqshamnews.kz





ӘКІМ

ҚАРҚЫНДЫ ДАМУ МЕН ТҰРАҚТЫ ӨСІМ

Түрксіб ауданы – Алматының маңызды көлік торабы

(Басы 1-бетте)

218 МЛРД ТЕҢГЕ ИНВЕСТИЦИЯ

Түрксіб ауданында өткен жыл қорытындысы бойынша негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 7%-ға артып, 218 млрд теңге болған, оның ішінде жеке инвестиция 12,3%-ға өсіп, 200 млрд теңгеге жеткен. Көтерме сауда 2024 жылы 27%-ға өсіп, 1,4 трлн теңгені құрады, бөлшек сауда көлемі де 621,7 млрд теңгеге жетті. Түрксіб ауданында барлығы жұмыс істеп тұрған бизнес-субъектілердің саны 10,4%-ға өсіп, 30 мыңға жеткен. Бұл 5,5 мың жаңа тұрақты жұмыс орнын құруға ықпал етті.

«Түрксіб ауданының бюджеті 40% - ға ұлғайып, 22,5 млрд теңгеге жетті, 2025 жылы бюджет 31,6 млрд теңгені құрады. Инженерлік және коммуналдық инфрақұрылымды дамытуға ерекше назар аударылды. Түрксіб ауданы тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруға және ауданды абаттандыруға айрықша көңіл бөлінді. 2025 жылы да бұл бағыттағы жұмыс жалғасатын болады», – деп атап өтті Ерболат Досаев.

РЕНОВАЦИЯ БАҒДАРЛАМАСЫ

Алматыдағы ескі үйлердің 40%-дан астамы Түрксіб ауданында орналасқан. Шаһар басшысы тұрғындарға Түрксіб ауданындағы 586 ескі тұрғын үйлерді реновациялау бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы айтып берді.

Бүгінде Алматыда 1366 ескі үй бар, оның 40%-дан астамы Түрксіб ауданында орналасқан. «Өткен жылы Кассин және Сауранбаев көшелерінде 13 жаңа көппәтерлі тұрғын үйдің құрылысы аяқталды. «Алтай-2» шағынауданында 6 бұзылған үйдің орнына тоғыз қабатты 3 үйдің құрылысы жүргізілуде. Сондай-ақ, Сауранбаев көшесінде 3 үйді бұзу жоспарланып отыр, одан кейін 8 жаңа көппәтерлі тұрғын үй салынады», – деді Ерболат Досаев.

8 КМ ЖЫЛУ ЖЕЛІСІ ЖАҢҒЫРТЫЛАДЫ

Алматыдағы Майлин көшесі мен Сейфуллин даңғылы бойында биыл жылу желілері жаңартылады. Шаһар басшысы атап өткендей, аудандағы жылу желілерінің тозу деңгейі шамамен 80%, сондықтан оларды жаңарту – басты міндеттің бірі.

2025 жылы тағы 8,1 км жылу желілерін ауқымды түрде жаңарту жоспарланған. Нақтырақ айтқанда, жұмыс Майлин көшесінде – Наманганская көшесінен Монтажная көшесіне дейін жүргізілмек. Сондай-ақ, жаңғырту жұмыстары Сей-

фуллин даңғылы бойында – Ақан сері көшесінен Котельников көшесіне дейінгі аралықты қамтиды. Жұмыстар кезең-кезеңімен жүргізіледі, тұрғындарға қолайсыздықты барынша азайту қарастырылған.

БАУМ ТОҒАЙЫ АБАТТАНДЫРЫЛАДЫ

Ауданда «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы бойынша биыл 32 жоба іске асырылуда. 2025 жылдың маусым айында Баум тоғайы мен Үлкен Алматы каналын (ҮАК) абаттандыру бойынша екі ауқымды жобаны іске асыру басталады. Жалпы ауданы 137,7 га Баум тоғайы Сейфуллин мен Сүйінбай даңғылдарының арасында орналасқан. Жоба үш аймаққа бөлуді көздейді: белсенді, рекреациялық және экологиялық шағын архитектуралық нысандар орнатылады. ҮАК абаттандыру жобасында рекреациялық және жағажай аймақтарын абаттандыру жоспарланған.

ЖЫЛУ ТӨЛЕМДЕРІН ОНЛАЙН БАҚЫЛАЙМЫЗ

Алматыда жылуды есепке алу жүйесін цифрландыру жалғасуда. Бұл жұмыстар 2026 жылға қарай аяқталады.

Алдағы жылдары қала тұрғындары жылуға кеткен шығынды онлайн режимде бақылай алады. Қазір көппәтерлі үйлерде жылуды есепке алудың жалпыүйлік есептеу құрылғысы орнатылған. Жылу төлемдері пәтердің ауданына және белгілі бір уақыт кідірісімен есептеледі.

«Биыл біз есептеу процесін цифрландыруды бастадық. Басты мақсат – әр пәтер бойынша жылу тұтынуды жеке есепке алып, тұрғындар нақты қанша жылу тұтынғанын және қандай температурада екенін көріп отыратындай ету. Жұмыс аяқталған соң сіздер төлем есептелгеннен кейін бірден онлайн режимде шотыңызды көре аласыздар деп үміттенеміз», – деді Ерболат Досаев.

«АВИАТОР» – ЗАМАНАУИ КЕШЕН

Ауданда осы жылдың қыркүйек айында тағы бір денешынықтыру-сауықтыру кешенінің (ДСК) құрылысы басталады. ДСК Майлин көшесінде орналасады. Құрылыс-монтаждау жұмыстарын аяқтау 2026 жылдың төртінші тоқсанына жоспарланған.

Жалпы, дене шынықтыру-сауықтыру кешендері спортпен шұғылдануға, спорттық іс-шараларды өткізуге арналған құрылыстар болып табылады. ДСК-де спорт, бокс және хореографиялық залдар, үстел ойындары залдары және басқалары бар. Нормативтерге сәйкес орталықтар киім-

кешек және душ бөлмелерімен, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі азаматтарға бейімделген санитарлық тораптармен жабдықталған.

№8 ҚАЛАЛЫҚ АУРУХАНА ЖАҢҒЫРТЫЛАДЫ

Қала әкімі кездесуде қолжетімді әрі сапалы медицинаны дамыту жоспары туралы да айтты.

Былтыр қазан айында «Нұршашқан» ықшамауданында заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталған жаңа отбасылық дәрігерлік амбулатория ашылды. Ал биылғы тамызда Айбасов көшесінде бір ауысымда 200 адамды қабылдайтын тағы бір отбасылық дәрігерлік амбулаторияның құрылысы аяқталады.

Сонымен қатар, келесі айда №20 қалалық емхананың ғимаратында күрделі жөндеу жұмыстарын аяқтау жоспарланып отыр. Биыл Наманган көшесінде бір ауысымда 500 адамды қабылдайтын жаңа емхана, Әлмерек және РВ-30 шағын аудандарында әрқайсысы бір ауысымда 200 қабылдауға арналған екі отбасылық дәрігерлік амбулаторияның құрылысына қатысты жобалардың мемлекеттік сараптамасы аяқталмақ.

ЭЛЕКТР ЖЕЛІЛЕРІ ДЕ ЖАҢАРАДЫ

Алматыда биыл мамырда «Қайрат» және «Нұршашқан» ықшамаудандарының тұрғындары үшін жаңа «Тұздыбастау» қосалқы станциясы пайдалануға беріледі.

Былтыр «Қайрат» ықшамауданында 55,5 км кабель желілері тартылып, 22 трансформаторлық қосалқы станция мен 1 тарату пунктi орнатылды. Бұл іс-шаралар ауданның электрмен қамту сапасын айтарлықтай жақсартып, апаттық жағдайда өшудің санын азайтуға мүмкіндік берді. Бұған қоса, 2025 жылдың мамырына дейін «Әлмерек» және «Нұршашқан» ықшамаудандарында 54,5 км электр желілері мен 16 трансформаторлық қосалқы станцияны жаңғырту жұмыстары аяқталмақ.

ТӨРТ ЖАЙЛЫ МЕКТЕП САЛЫНАДЫ

Кездесуде Ерболат Досаев атап өткендей, «Жас қанат» ықшамауданында Даму және шығармашылық орталығының құрылысы басталады. Алматы телекоммуникация және машина жасау колледжінің жаңа ғимараты жыл соңына дейін салынып бітеді.

Оқушы орындарының тапшылығын азайту мақсатында 2024 жылдың қарашасында №59 мектеп-гимназиясының 300 орынды қосалқы ғимаратының құрылысы және сейсмикалық күшейте отырып күрделі жөндеу жұмыстары аяқталды.

Осыдан кейін Чернышевский көшесіндегі филиалының реконструкциясы басталып, оны биылғы тамызда аяқтау жоспарланған. Биыл жыл соңына дейін №50 мектепте сейсмикалық күшейту жолымен күрделі жөндеу жұмыстары аяқталады.

Ұлттық «Жайлы мектеп» жобасы аясында, қала әкімдігінің жобалық кеңсесінің қолдауымен биыл Түрксіб ауданында 6100 орынды төрт жаңа мектептің құрылысы аяқталады деп болжанып отыр.

37 КӨШЕДЕ ЖОЛ ЖӨНДЕЛЕДІ

Ерболат Досаев аудан аумағындағы жол және көлік инфрақұрылымын дамыту жұмыстары жайлы да әңгіме өрбітті.

Биыл «Қайрат» ықшамауданынан Талғар тас жолына дейін Хмельницкий көшесін ұзарту жұмыстары басталады. Мамырда «Жас қанат» ықшамауданында 19 көшеде 3,5 км жаңа жол құрылысы басталады.

2024 жылы ауданның 38 көшесінде жалпы ұзындығы 39,6 км жолға орташа жөндеу жүргізілген еді, ал 2025 жылы 37 көшеде тағы 51 км жолды орташа жөндеу жоспарланған. Сонымен қатар, былтыр 40 мың шаршы метр жол жабыны қалпына келтіріліп, 200 «қалқымалы» люк орнатылды. Биыл тағы 30 мың шаршы метр жолды жөндеп, 200 люк орнату жоспарланған.

ЖАРЫҚТАНДЫРУ ДЕҢГЕЙІ КҮШЕЙТІЛЕДІ

Алматы әкімінің халықпен кездесуі барысында Түрксіб ауданының тұрғыны жаяу жүргіншілер өткелдері, атап айтқанда, Серкебаев бойындағы өткел бойынша сұрақ қойып, жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігін қосымша жарықпен қамтамасыз етуді ұсынды.

Оның сұрағына қала әкімінің орынбасары Асқар Әмрин жауап берді: «Алдағы екі айда біз қалада жарықтандыру бойынша қалған жұмыс көлемін толығымен аяқтаймыз. Бүгінгі таңда қаланың жарықтандыру деңгейі жаяу жүргіншілер өткелдерін қосқанда 85%-ды құрайды. Соңғы екі жылда біз магистральдық жолдармен айналыстық, биылғы жылы жаяу жүргіншілер өткелдері мен жаяу жүргіншілер тротуарларына баса назар аударыла-ды», – деді ол.

Шаһар басшысы өз кезегінде «Алматы Қала Жарық» МЖӘ басшылығына және аудан әкімдеріне барлық жаяу жүргіншілер өткелдерін қосымша жарықтандырумен қамтамасыз ете отырып, «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында сыртқы жарықтандыру бойынша жобаларды қысқа мерзімде іске асыруды тапсырды.



ИНВЕСТИЦИЯ

Алматы–Шанхай стратегиялық әріптестігі:

ҚАЛДЫҚТАРДЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ
КӘДЕГЕ ЖАРАТУ

қайта өңдеуді дамытудағы маңызды қадам

Олжас Бектенов Алматыда қалдықтарды кәдеге жарату зауытын салу үшін Инвестициялар туралы келісімді екі апта мерзімінде дайындауды тапсырды.

Премьер-министр Олжас Бектенов Shanghai SUS Environment Co., Ltd. компаниялар тобының президенті – басқарма төрағасы Лун Цишэнмен 2024 жылғы қарашада Қытайға жұмыс сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтар шеңберіндегі ынтымақтастық мәселелерін талқылады.

Алматы қаласында қоқыс өңдеу зауытын салу жөніндегі инвестициялық жобаны жүзеге асыруға маңыз берілді.

Кездесуге қатысушылар Қазақстанда қалдықтарды электр энергиясына айналдыруға бағытталған Waste-to-Energy технологиясын енгізудің келешегін талқылады. Shanghai SUS Environment Co., Ltd. басқарма төрағасы Лун Цишэн Алматыдағы тәулігіне 2 мың тоннаға жуық қалдықты қайта өңдейтін және 60 МВт-қа дейін электр энергиясын өндіретін қоқыс өңдеу зауытының жобасын таныстырды. Тікелей инвестиция көлемі \$270 млн-ды құрайды.

Алматы қаласы әкімдігінің мәліметінше, аталған зауыттың іске қосылуы мегаполистің қатты тұрмыстық қалдықтарды кәдеге жаратуға деген қажеттілігін өтеп, 2029 жылға қарай қалдықтарды қайта өңдеу үлесін 80%-ға дейін жеткізуге мүмкіндік береді.

Лун Цишэн компанияның қалдықтарды энергия көзіне айналдыру саласында ҚХР-да көшбасшы екенін, оның қытай нарығындағы үлесі қазірдің өзінде 40%-ды құрап отырғанын айтты. Сонымен қатар, компания бірқатар елде қайта өңдеу және экологиялық өнеркәсіптік парктер бағытында 84 жобаны жүзеге асырды. Қолданылатын технологиялар экологиялық қауіпсіздіктің әлемдік ең жоғары стандарттарына сәйкес келеді.

Премьер-министр халық саны мен қажеттіліктердің өсуі жағдайында эко-

логия мәселелерін шешудің маңыздылығын атап өтті.

«Президент Қасым-Жомарт Тоқаев алдымызға 2029 жылға қарай коммуналдық қалдықтарды қайта өңдеу көлемін 38%-ға жеткізу міндетін қойды. Жыл сайын елімізде 4,5 млн тоннадан астам коммуналдық қалдық түзіледі. Сондықтан қоқыс өңдеу зауытын салу – қажетті жоба. Электр энергиясын өндіру арқылы қалдықтарды экологиялық кәдеге жарату қайта өңдеуді дамытудағы маңызды қадам болмақ. Үкімет аталған жобаны мақұлдап, қажетті қолдау көрсетуге дайын. Біз байыпты инвесторлармен ұзақмерзімді ынтымақтастыққа мүдделіміз», – деп атап өтті Олжас Бектенов.

Салалық министрліктер мен Алматы қаласының әкімдігіне екі апта мерзімінде зауыт құрылысын осы жылдың маусым айында бастау үшін Инвестициялар туралы келісімнің жобасын дайындауды қамтамасыз ету тапсырылды.

Сонымен қатар, кездесу барысында кадр даярлау мәселесі де сөз болды. Жоба аясында 500 жұмыс орны, оның ішінде – 100 тұрақты жұмыс орны ашылады. Лун Цишэн жергілікті мамандар жұмысқа басым тәртіппен тартылатынын атап өтті.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Қытайдың жетекші Shanghai SUS Environment Co., Ltd. компаниясының президенті Лонг Цишэнмен кездесті.

Кездесу барысында 270 млн АҚШ доллары сомасына тікелей шетелдік инвестицияларды тарта отырып, Алматыда қазіргі заманғы қоқыс өңдеу зауытын салу мәселелері талқыланды.

Зауыт тәулігіне 2000 тоннаға дейін қалдықтарды 60 МВт-қа дейін электр энергиясын өндірумен қайта өңдейтін болады, бұл Алматының ҚТҚ кәдеге жарату қажеттілігін жабады және 2029 жылға қарай қалдықтарды қайта өңдеу үлесін 80%-ға дейін жеткізуге мүмкіндік береді. Құрылысты 2025 жылдың күзінде бастау жоспарлануда. Қазіргі уақытта ҚР Үкіметімен инвестициялар туралы келісімге қол қою мәселесі пысықталуда.

Жобаның Бас мердігері ретінде әлемнің 110 елінде ірі инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру тәжірибесі бар China Railway Construction Corporation (CRCC) мемлекеттік корпорациясының еншілес құрылы-

мы – China Civil Engineering Construction Corporation анықталды. Құрылысқа сонымен қатар SUS Environment компаниясының жеке зауыттарында өндірілетін жабдықтар, соның ішінде торлы решеткалар және басқа да негізгі компоненттер қатысады.

Алматыда зауыт салу жөніндегі жобаны іске асырудан басқа, SUS Environment компаниясы кадрлар даярлау жөніндегі өңірлік оқу орталығын құру жөнінде бастама көтерді. Орталық экологиялық құзыреттерді дамытуға және озық технологияларды өңірге беруге жәрдемдесе отырып, Қазақстаннан, Орталық Азия елдерінен, Моңғолиядан, Ираннан және Ауғанстаннан жас мамандарды оқытуға бағдарланатын болады.

• Жоба Алматының Шанхаймен стратегиялық әріптестігі аясында жүзеге асырылуда. Жаңа зауыт бүкіл Орталық Азияда электр энергиясын өндіру мен қалдықтарды экологиялық кәдеге жарату саласында флагманға айналады.

● БІЗДІҢ ДӘЙЕКТЕМЕ

Shanghai SU Environment Co., Ltd. – экология және энергетика саласындағы кешенді қызметтердің әлемдік басты жеткізушісі, қалдықтарды энергияға қайта өңдеу саласында (Waste-to-Energy) Қытайдағы нарық үлесінің 40%-ын қамтиды.

Бүгінгі таңда компания бүкіл әлем бойынша жалпы өңдеу қуаты тәулігіне 110 мың тонна, жыл сайын 18 млрд кВт/сағ электр энергиясын өндіреді және 2,65 млн шаршы метрге дейінгі аумақты жылытуды қамтамасыз етумен 84 жобаны іске асырды. Генерация тиімділігі 26%-ды құрайды, бұл ең жақсы халықаралық стандарттарға сәйкес келеді.

SUS Environment зауыттарының айрықша ерекшелігі – экологиялық қауіпсіздіктің жоғары стандарттары болып табылады.

Компанияның кәсіпорындары зиянды шығарындыларды бақылауды қамтамасыз ететін көп сатылы сүзгісі бар түтін газдарын тазартудың озық жүйелерімен жарақтандырылады. Нысандардың айналасында екпелер, көгалдар мен ағаштар бар жасыл аймақтар құрылып, толыққанды эко-индустриалды парк құрады, бұл көршілес аудандардың тұрғындары үшін ыңғайсыздық деңгейін төмендетеді және қолайлы экологиялық ортаны қалыптастырады.

ТУРИЗМ

Олжас БЕКТЕНОВ,
ҚР Премьер-министрі:

АЛМАТЫ ТАУ КЛАСТЕРІН
ДАМУЫ

жұмыстары белсенді жүріп жатыр



Туризм ел экономикасының өсуіне жаңаша серпін беретін салаға айналуы тиіс: Үкіметте саланы қолдау шаралары қаралды.

Премьер-министрдің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында туристік саланы дамыту және цифрландыру мәселелері қаралды. Жиында Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосынов пен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиев саладағы көрсеткіштер мен нәтижелер туралы баяндады.

Ірі инвестициялық жобалар

Үкіметбасы туристік саланың айтарлықтай әлеуеті барын және туризм ел экономикасының өсуіне жаңаша серпін беретін салаға айналуы қажет екеніне маңыз берді.

– Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша аталған салада ірі инвестициялық жобалар қолға алынды. Алматы қаласы мен Алматы облысында тау кластерін дамыту жұмыстары белсенді жүріп жатыр. Шығыс Қазақстан – тау шаңғысы мен табиғи туризмді дамытуға қолайлы өңір. Щучинск–Бурабай курорттық аймағында жыл бойы жұмыс істейтін туристік нысандар құруға, экологиялық және спорттық туризмді дамытуға мүмкіндік беретін ауқымды жаңғырту жұмыстарын жүргізу жоспарланып отыр. Ақтау маңындағы «Жылы жағажай» аумағында бес жұлдызды қонақүй мен тақырыптық ойын-сауық паркін салу жобалары іске асырылды. Аталған өңірдегі Кендірлі курорттық аймағында әуежай салынып, туризмді дамытуға тың серпін беріледі. Сонымен қатар, фермерлерге агротуризммен айналысуға құқық беру үшін тиісті жұмыстар жүріп жатыр. Үкімет инвесторларға барынша қолдау көрсетіп, туындайтын мәселелерді шешуге қашанда әзір, – деп атап өтті Олжас Бектенев.

• 2024 жылдың қорытындысы бойынша, ішкі туристер саны 10,5 млн адамды құраған екен, бұл 2023 жылмен салыстырғанда, 900 мың адамға артық. Жалпы, Туризм және спорт министрлігінің деректері бойынша елімізге 15 млн-нан астам шетелдік қонақ келген.

Бүгінде Үкімет туристік инфрақұрылымды дамыту бойынша кешенді шаралар қабылдауда. Өткен жылы Ұлы Жібек жолының бойымен өтетін «Жібек жолы» туристік пойызы іске қосылды. 125 теміржол вокзалын ауқымды жаңғырту



(Cyper: stan.kz).

жұмыстары басталды. Алматы, Шымкент және Қызылорда қалаларында әуежайлардың жаңа терминалдары салынды. Көші-қон рәсімдерін оңайлату шаралары қолға алынды. Мәселен, шекара бекеттерінде ұйымдасқан туристік топтарды кезексіз өткізу бойынша пилоттық жоба іске қосылды. Бұл шара паспорттық бақылаудан өту уақытын 5 есеге қысқартуға мүмкіндік берді.

Туристік саланы одан әрі дамыту мақсатында Премьер-министр бірқатар тапсырмалар жүктеді. Атап айтқанда:

- Екі ай мерзімде барлық мәдени, оқиғалық, спорттық және басқа да іс-шаралардың бірыңғай күнтізбесі (Туризм және спорт министрлігі және өңірлер әкімдіктері) бекітілмек. Тарихи ескерткіштер, көркем табиғи пейзаждар және еліміздің басқа да көрікті жерлері турларға интеграцияландырылмақ. Сонымен бірге, экологиялық талаптардың бұзылмауын, табиғи және мәдени ескерткіштердің сақталуын нақты қадағалап отыру маңызды.

- Туристік гидтерді даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөнінде тиісті шаралар қабылданады. Ол үшін әр өңірде біліктілікті арттыру, туристік қызметтер сервисінің сапасын жоғарылату бойынша курстарды тұрақты негізде өткізу қажет.

- Өңір әкімдеріне туристік нысандарды қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз ету жұмысын жандандыру тапсырылды.

- Жол бойындағы сервисі жақсарту жұмыстары (Көлік, Сауда және интеграция, Ұлттық экономика, Туризм және спорт министрліктері мен әкімдіктер) жалғасады. Күре жолдың бойындағы дәмханалар, жанармай құю бекеттері мен техникалық қызмет көрсету стансалары қабылданған стандарттарға сай болуы тиіс. Сондай-ақ, осы бизнесте жұмыс істейтін кәсіпкерлерді ынталандыру мәселесін пысықтау міндеттелді, туристердің қауіпсіздігін арттыруға ерекше назар аударылмақ.

- Курорттық аймақтар мен табиғи парктердің бас жоспарларын интегра-

циялау арқылы туризмнің бірыңғай цифрлық экожүйесін құру тапсырылды.

Бірыңғай цифрлық экожүйе құру – маңызды бағыт

Премьер-министр туризмнің бірыңғай цифрлық экожүйесін құрудың маңыздылығын атап өтті.

– Цифрландыру – туристік саланы дамытудың маңызды бағыты. Туризмнің бірыңғай цифрлық экожүйесін құру мәселесі пісіп-жетілді. Осы орайда TravelStan қосымшасының жасалуы өте өзекті болып табылады. Сервис нарықтың барлық қатысушыларын біріктіре отырып, туристердің сапалы әрі сенімді қызметтерге қол жеткізуіне кепілдік береді. Өткен жылы Your tourist pass жобасы басталды. Бұл құрал QR-кодты сканерлеу арқылы ұлттық туристік порталға, eQонақ көші-қон сервисіне, такси қызметіне және басқа да пайдалы ресурстарға бірыңғай қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Бұған қоса, әлемнің көптеген елдерінде кеңінен танымал Tax

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Жаслан МӘДИЕВ,
Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі:

Туризмді цифрландыру: жаңа шешімдер

Цифрлық трансформация мақсатында 47 бизнес-үдеріске реинжиниринг жүргізіліп, саланың негізгі мәселелері анықталды. Бұл – цифрлық деректердің бірыңғай базасының болмауы, қолдаудың тиімсіз бөлінуі және туристік қызметтерді заңсыз көрсетушілердің болуы. Мәселелерді шешу үшін Туризм және спорт министрлігі цифрлық платформаны әзірлеуде. Ол процестерді автоматтандырады және шешім қабылдауда адам факторының әсерін азайтады. Сондай-ақ, туроператорлардың бірыңғай цифрлық тізілімі құрылады. Бұл азаматтарға саяхатты сатып алудан бұрын қызметтердің заңдылығын тексеруге мүмкіндік береді. Туроператорларды екі кіші түр бойынша лицензиялау қызметі енгізілді және қызмет көрсетіледі. Бірінші – сыртқы туризм. Екіншісі – сырттан келушілер және ішкі туризм. Бұл ретте қызмет толық автоматтандырылған. 2024 жылға дейін 680 лицензия берілді. Барлығы электронды форматта.

Отандық туризм саласында стартаптар белсенді дамып келеді. Туризм саласында жұмыс істейтін стартаптар мен технологиялық компаниялар бүгін Astana Hub экожүйесінде шоғырланған. Олар пайдаланушыларға турларды онлайн-режимінде ыңғайлы таңдауға және сатып алуға, сондай-ақ туристік агенттіктер мен туроператорлар үшін үдерістерді автоматтандыруға мүмкіндік беретін цифрлық шешімдер жасайды. 2024 жылдың қорытындысы бойынша бұл компаниялардың жиынтық табысы 8 млрд теңгеден асты, ал құрылған жұмыс орындарының саны – 500-ден астам.

Цифрлық трансформациямен қатар тиісті инфрақұрылымдық базаны құру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Президенттің тапсырмасын орындау аясында еліміздің үш негізгі туристік өңірінде цифрлық инфрақұрылымды дамыту бойынша кешенді жұмыстар жүргізілуде. Ол тұрақты ұялы байланыс пен интернетті қамтамасыз етуді, жаңа Wi-Fi нүктелерін орнатуды, антенна-діңгек құрылыстарын салуды және талшықты-оптикалық желілерге қосылуды қамтиды.

Free пилоттық жобасы да жақсы нәтиже көрсетіп отыр, – деді Үкімет басшысы.

Олжас Бектенев Туризм және спорт министрлігіне Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп, үш ай мерзімде туризмнің бірыңғай цифрлық экожүйесін құру жөніндегі нақты іс-шаралар жоспарын бекітуді тапсырды. Курорттық аймақтар мен табиғи парктердің бас жоспарларын цифрландыруға ерекше назар аударылмақ. Сондай-ақ, ұлттық туристік порталға кіруге мүмкіндік беретін QR-кодтарды әуежайларда, вокзалдар мен шекара бекеттерінде, туристер көп жиналатын жерлерде орналастыру қажеттігі атап өтілді. Туризм және спорт министрлігі мен Қаржы министрлігі бірлесіп, «Tax Free» тетігін енгізудің нақты алгоритмін әзірлеуі тиіс. Бұл құралды туристерге ыңғайлы болуы үшін, әсіресе, әуежайларда қаражатты қайтару тетігін іске асыру үшін толығымен цифрландырып, автоматтандыру керек.

Жиында виза мәселесіне ерекше назар аударылды. Өтінімдер берудің барлық рәсімдерін толығымен цифрландыру арқылы Neo Nomad Visa-ны танымал ету міндеттелді. Туризм және спорт министрлігі Мәдениет, Сыртқы істер министрліктерімен бірлесіп, ел ішінде және шетелдерде Қазақстанның туристік әлеуеті туралы белсенді ақпараттық науқан жүргізуді қамтамасыз етуі тиіс.

• Алматы өңірінде Шымбұлақ тау шаңғысы курорты жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз етілген. Шымбұлақ пен Медеуде қосымша Wi-Fi нүктелері орнатылды. 2025–2029 жылдарға арналған кешенді жоспар шеңберінде Қаскелең және Түрген учаскелерінде байланыс желілерін дамыту жоспарланған.

«АҚШАМ–АҚПАРАТ».
(Дереккөз: primeminister.kz).



(Cyper: qaz.ulysmedia.kz).



МИНИСТР

ҰЛТТЫҚ ПАРКТЕР ЖӘНЕ ҰЛТ МҮДДЕСІ

Экотуризм мен агротуризм инвестиция тартуға және инфрақұрылымды дамытуға жол аша ма?



Туризмді дамыту әлеуеті еліміздің барлық өңірінде бар, дегенмен бұл процесті тежейтін белгілі бір проблемалар бар. Саланы әрі қарай дамыту мақсатында заңнамаға өзгерістер енгізілуде, тиісті заң жобасы қазір Мәжілісте қаралып жатыр. Үкімет отырысында осы және саладағы басқа да тың бағыттар мен жобалар жайлы еліміздің Туризм және спорт министрі Ербол МЫРЗАБОСЫНОВ не деді?

Жаңа бастамалар, басым бағдарлар

– Негізгі бастамалардың бірі – әкімдіктерге ұлттық парктер аумағын қоса алғанда, елдімекендерден тыс жерлерде туристік инфрақұрылым салу бойынша заңнамалық өкілеттіктер беру. Бұл мәселе мұқият пысықталды және мұндай қадам негізгі туристік дестинациялардың инфрақұрылымын дамытуды қамтамасыз етеді. Туристік дестинацияларда инфрақұрылым құрылысын қаржыландыруға бағытталған жеке бюджеттік бағдарлама әзірленетін болады. Бұл ретте өңірлерде туризмді дамытуға басымдық беру үшін жаңа құзыретпен қатар жеке туризм басқармаларын құру мәселесін қарастыру қажет. Фермерлерге өздеріне қарасты жер телімдерінде агротуризммен айналысу құқығы берілмек. Қазіргі таңда елімізде 200 мыңнан астам шаруа қожалығы бар. Бұл шара ауыл тұрғындары үшін қосымша жұмыс орындарын ашуға, ауылдық аумақтардың әл-ауқатын арттыруға мүмкіндік береді. Туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру үшін ұлттық парктерде жерді жалға беру мерзімін 49 жылға дейін ұлғайту бойынша заңнамалық жұмыс жүргізілуде. Бұл экотуризмді дамыту үшін инвестиция тартуға және инфрақұрылымды дамытуға жол ашады.

Туристік топтарға басымдық беру – жасыл дәліз тетігі

Туристердің сапарын жеңілдетіп, жайлы ету мақсатында шекаралық өткізу пункттерінде ұйымдастырылған туристік топтарға басымдық беру – жасыл дәліз тетігін енгізу көзделуде. Қазіргі уақытта бұл механизм Ресей мен Қырғызстан шекарасында пилоттық режимде жұмыс істеп тұр.

• Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Алматы тау кластерін дамыту жөніндегі кешенді жоспардың жобасы әзірленді. Оның негізгі мақсаты – тау туризмін дамыту.

Жаңа сапар орталықтары ашылады

Халықаралық тәжірибеге сүйенсек, тауда демалатын туристердің орташа шығыны \$350 тең. Бұл көрсеткіш жағажай туризмінде \$50 құрап отыр. Сонымен қатар, экотуризмді ілгерілету мақсатында ұлттық парктерді дамыту бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр. Соңғы жылдары туристік соқпақтарды негізгі инфрақұрылыммен қамтамасыз ете отырып, 8 сапар-орталы-

ғы ашылды. Нәтижесінде ұлттық парктерде экотуристердің тұрақты өсуі байқалуда, 2024 жылдың қорытындысы бойынша 14 ұлттық паркке 2,8 млн адам барып, келушілердің саны 2023 жылмен салыстырғанда, 18%-ға өскен. Туризм министрлігі артып келе жатқан сұранысты қанағаттандыру үшін әрбір ұлттық паркті негізгі туристік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету және жаңа сапар-орталықтарын салуды жоспарлап отыр.

Сонымен қатар, барлық ұлттық парктерде Бурабайдағы секілді кіру жүйесі цифрландырылмақ. Дәл осындай жұмыс басқа да өңірлерде туризмнің әр түрін дамыту үшін іске асырылатын болады. Әсіресе, туризмнің этно-мәдени, балалар мен жасөспірімдер, медициналық, сауықтыру, іскерлік, караванинг және автотуризм секілді түрлері басымдыққа ие.

• Іс-шаралық туризмді дамыту үшін Kazakhstan.travel ұлттық туристік портал базасында бірыңғай іс-шаралар күнтізбесі әзірленбек. Оған туристерді қызықтыратын іс-шаралар кіреді. 2024 жылы күнтізбеге 137 іс-шара енгізіліп, оның 80%-ы Астана мен Алматыда өтті.

«eQonaq» ақпараттық жүйесі туристің портретін қалыптастырады

Туристерді тіркеудің тағы бір тәсілі – «eQonaq» ақпараттық жүйесі болып саналады. Жүйе көші-қон бақылауы және туристер ағымын талдау үшін құрылды. Жүйе бойынша маңызды өзгерістер: біріншіден, туристерді тіркеу міндеті оларды күтіп алатын заңды не жеке тұлғаларға жүктелді. Яғни егер шетелдік азамат қонақ үйге тоқтаса – оны отель тіркейді, пәтерге тоқтаса – жалға беруші тіркейді. Ал егер достарына немесе туыстарына қонаққа келсе, оны тіркеу шақырған үй иесінің міндеті болып саналады. Мұны жеңілдету үшін «eQonaq» арнайы ақпараттық жүйесі әзірленді. Бұл жүйені қазірдің өзінде жарты миллионға жуық азамат пайдаланады. Әркім оны жүктеп алып, қонақтары туралы деректерді толтырса жеткілікті. Екіншіден, жүйе туристің портретін (туристің келу мақсатын, жынысын, жасын және

географиясын) қалыптастыруға мүмкіндік берді. Үшіншіден, «eQonaq» ҚР Ішкі істер министрлігінің көші-қон полициясының ақпараттық жүйесімен байланыстырылды.

Neo Nomad Visa мен Tax Free жүйесі ынталандырудың тиімді құралы

Тағы бір маңызды шара – өткен жылдың соңында Neo Nomad Visa енгізілді. Ол шетелдік азаматтарға Қазақстанда жыл бойы тұруға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта визаны Қазақстан Республикасының шетелдердегі мекемелері арқылы ғана рәсімдеуге болады. Рәсімді оңайлату мақсатында оны визалық көші-қон порталы арқылы электронды форматта рәсімдеу мүмкіндігін енгізу ұсынылады. Бұдан басқа, мақсатты аудиторияға бағдарлана отырып, Сыртқы істер министрлігі мен Мәдениет және ақпарат министрлігінің ресурстары арқылы осы виза туралы хабардар ету күшейтуге маңыз берілмек.

Келесі бір маңызды бағыт – шоппинг туризмі. Tax Free жүйесі туристердің сатып алу белсенділігін ынталандырудың тиімді құралы болып саналады. Бұл жүйе көптеген дамыған елдерде жұмыс істейді.

• Жүйе елімізде 2019 жылы пилоттық режимде Астана, Алматы, Шымкент және Түркістан қалаларында енгізілген. Оның аясында шетелдік туристерге 4,9 млрд теңгеге тауарлар сатылды. Орташа сату чегі 837 мың теңгені құрады. Бұл әлемдегі үздік 10 елдің қатарындағы көрсеткіш.

Ендігі жерде жүйені жетілдіру үшін: Tax Free жүйесін пилоттық режимнен тұрақты жұмыс режиміне ауыстыру мүмкіндігі қарастырылмақ. Аталған жүйе еліміздің барлық өңіріне енгізілмек. Өтініштерді беру процесі цифрландырылады.

Kazakhstan.travel порталы: ақпарат сегіз тілде қолжетімді

Шетел туристерінің Қазақстанға келуі ақпарат іздеуден басталады. Цифрлық дәуірде олар қажетті қызметтерін: әуе

билеттерін, қонақүйін, турларды онлайн сатып алады. Ал елге келгенде навигация үшін түрлі карта және саяхат сервистерін қолданады. Министрлік туристің жол картасын зерттеп, оның бойындағы сервистердің шашыраңқы екенін анықтады. Бұған қоса, кейбір қызметтер мүлде цифрландырылмаған. Мысалы, ұлттық парктерге немесе музей-қорықтарға онлайн билет алу мүмкін емес. Бүгінгі таңда Kazakhstan.travel ұлттық туристік порталында жалпы саяхатшыларға арналған қажетті ақпарат сегіз тілде қолжетімді. Ақпараттарда туристік бағыттар, көрікті жерлер, оқиғалар туралы өзекті мәліметтер ұсынылады. Сонымен қатар, виртуалды 3D турлар мен туристік операторлардың тізілімдері жарияланған. 2024 жылы порталға шамамен 700 мың адам кірді. Бұл оның саяхатшылар үшін басты навигатор ретіндегі маңыздылығын растайды.

TravelStan – бірыңғай мобильдік қосымша

Бүгінгі таңда туристке қызметтерді брондауға қажетті барлық сервисі біріктіретін бірыңғай экожүйе қарастырылмаған. Сондықтан TravelStan бірыңғай мобильдік қосымшасын жасау туралы бастама көтерілді. Оның негізгі функционалы – жасанды интеллектке негізделген көмекші. Яғни туристерге қонақұйді брондау, билеттерді сатып алу, гидтер мен маршруттарды табу, такси шақыруға көмектесетін және басқа да қызметтерді бір цифрлық кеңістікте біріктіретін қосымша болады. Әзірше, тез шешім ретінде туристерге арналған QR код жүйесі енгізіліп жатыр. Кейде туристер келген бетте такси, байланыс, валюта айырбастау сияқты қызметтерден алданып қалып жатады.

Оның алдын алу үшін QR код жүйесі жасалды. Оның ішінде такси, электронды СИМ-карта, қонақүй брондау, негізгі ақпарат пен тіркелу қызметтері жинақталды. Бұл QR кодтар еліміздің 4 қаласында, яғни Астана, Ақтау, Түркістан және Шымкент қалаларында орналастырылған. Қазіргі таңда аэропорттар QR кодтарды орналастыру үшін қосымша қаражат сұрайды. Осыған орай, тәжірибені кең тарату үшін тиісті әкімдіктер мен Көлік министрлігінің қолдауы қажет. QR коды барлық әуежайларға, вокзалдар мен шекара өткелдеріне орналастыру керек.

Келесі бір бастама – цифрландыру арқылы гидтердің қызметін реттеу. Қолданыстағы реестр туристерге өзіне қажетті гид табу, оған хабарласу және оның кәсіби біліктілігін тексеру мүмкіндігін шектейді. Сондықтан министрлік тапсырысы бойынша гидтерге арналған бірыңғай цифрлық платформа жасалған. «Е-Гайдс» цифрлық жүйесі аталған мәселелерді шешіп қана қоймай, мамандардың білімін тексеруге, біліктілігін арттыруға және қосымша білім беруге мүмкіндік береді. Тексерістен өткен гидтер бірыңғай стандарттағы бейдж үлгісін алады. Осы бейдж арқылы ресми әрі білікті маманды бейресми қызметкерден ажыратуға болады.

Қазіргі таңда жүйеде 380 гид тіркелген. Оның 94-іне бейдж табысталды. Осы тәжірибені кең тарату үшін жергілікті басқару органдары, Ғылым және жоғарғы білім, Оқу-ағарту министрліктері тарапынан гид мамандарын дайындайтын бағдарлама әзірлеу – күн тәртібіндегі маңызды мәселе. Кадр даярлау бойынша Халықаралық туризм және меймандостық университеті Қазақстанда алғашқылардың бірі болып триместрлік оқу жүйесін енгізді. Бұл формат студенттерге бакалавр дәрежесін 3 жыл ішінде алуға мүмкіндік береді. Оқу мерзімін тиімді қысқартуға мүмкіндік жасайды. Оқу үдерісінде дуалды оқыту моделі табысты қолданылуда.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: primeminister.kz).



(Cyber: unitool.ai).



СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Ғылым – қашаннан болашақ кепілі. Ал бүкіл ғұмырын ғылымға арнаған, есімі елімізге кеңінен танымал Мұхтарбай Өтелбаев Қазақстанның көрнекті математигі, Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының академигі, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор. Қазақ ғылымының дамуына өлшеусіз үлес қосқан танымал тұлға. Айтулы ғалымның еңбегі математикалық зерттеулерімен ғана емес, ғылымға деген шексіз адалдығымен де ерекшеленеді. Жастарға ақыл-кеңесін айтып, бағыт беруден бір талмаған жан жақында ғана Алматыдағы Жамбыл Жабаев атындағы №161 лицей оқушыларымен кездескен еді. Төменде ғалым мен оқушылар арасындағы сауалдар төңірегінде өрбіген сұхбатты ұсынып отырмыз.



– Менің жетекшілігіммен 65 кандидаттық және 8 докторлық диссертация қорғалған екен.

Әрине, мен барлық шәкірттерімнің табысын әрқашан мақтан етемін. Өйткені, Қазақстанда математика саласында жоғары дәрежелі мамандардың саны аз болғандықтан, біз барынша көп маман дайындауға тырыстық. Әлі де бұл жолда еңбек етуіміз керек.

Адамдар технологияға тым тәуелді болып барады

– Дегенмен, кейде қазіргі ғылымның дамуы мен қауіпі туралы пікірлер де айтылып қалады, Сіздің бұл жөнінде пікіріңіз қандай?

– Иә, ондай пікірдің бары рас. Өйткені, ғылым қарқынды дамып келеді, прогреспен бірге қауіп-қатерлер де жоқ емес. Мысалы,

Алайда, уақыт өте әлгі менің шешімімнен қателіктер бар болып шықты. Мен бұған қатты күйзеле қоймадым. Бұл мен үшін үлкен сабақ болды. Ең бастысы, ғылымда шынайылық пен дәлдіктің маңыздылығын тағы бір рет көрсетіп берді.

– Сіз үшін бүгінгі қоғамдағы басты мәселелер қандай? Оларды шешудегі ғылымның рөлін қалай бағамдар едіңіз?

– Әрине, бұл ретте бірнеше маңызды мәселені айтар едім. Ең алдыңғысы – қаладағы кептелістер. Бұған мысыл – күн сайын адамдардың 2-3 сағат уақыты жолда өтеді. Бұл олардың энергиясын жоғалтады, еңбектегі өнімділігін азайтады. Тағы бірі – Жер сілкінісі қаупі. Еліміз сейсмикалық белсенді аймақта орналасқандықтан, бізге апаттың алдын алатын, яғни ерте ескертетін жүйелер қажет. Сосын, үшінші бір мәселе – жастар арасындағы жалқаулық дер едім. Өйткені, көбіне қазіргі заман жастары оңай жол іздейді, бірақ еңбексіз шынайы жетістікке жету мүмкін емес.

ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗЫ

Мыңжылдықтың ең күрделі жеті есебінің бірі –
Навье–Стокс теңдеулерінің шешімін тапқан тұлғамен әңгіме

Рая
ЕСКЕНДІР

Бұл жолды тәуекелі жеткендер ғана таңдайды

«Ғылым жолын тәуекелі жеткендер ғана таңдайды» деген тәмсіл бар. Бұл әсте дұрыс айтылған сөз. Мұхтарбай Өтелбаевтың да ғылымға басқан әрбір қадамы оның қайсарлығымен, табандылығымен ерекшеленеді. Кім білген, сонау кеңес дәуірінде қарапайым қазақ ауылынан шыққан баланың әлемдік деңгейдегі математикке айналарын.

Дегенмен, бұл нағыз еңбек пен ақыл-ойдың жемісі. Ол мыңжылдықтың ең күрделі есептерінің бірі – Навье–Стокс теңдеулерінің шешімін табуға тырысты, ал оның шәкірт тәрбиелеудегі еңбегі тіпті бөлек әңгіме. Бүгінгі таңда профессордың жетекшілігімен дайындалған ондаған ғылым кандидаттары мен докторлар елге қызмет етіп жүр.

Аталмыш мектеп оқушыларымен болған кездесуде Мұхтарбай Өтелбаев ғылымдағы басты жетістіктерін, жасанды интеллект пен жаңа технологиялар туралы ойларын, ғылымға адалдық пен еңбекқорлықтың маңызы туралы айтып, болашақ жас ғалымдарға ақыл-кеңесін берді.

«Мен мектепті толық бітірген жоқпын...»

– Мұхтарбай аға, бізді сіздің балалық шағыңыз бен білім алу жолыңыз қатты қызықтырады...

– Мен сонау бала кезімнен білімге құштар болып өстім. Тек мектепте ұзақ оқи алмадым. Сосын техникалық училищеге, кейін университетке түстім. Алайда, әскерге шақырту алғаннан кейін оқудан қол үзуге тура келді. Әскери борышымды өтеп болған соң, ғылымға қайта оралдым. Онда да алдымен ауыл мектебінде жұмыс істеп, сосын университетке түсіп, Мәскеуге кеттім.

Шыны керек, ол жақта маған оңай болған жоқ. Кейбір профессорлар менің қабілетіме, біліміме күмәнмен қарады. Бірақ мен табандылық танытып, жұмысымды жалғастыра бердім. Соңында кандидаттық, кейін докторлық диссертация



қорғадым. Кеңес дәуірінде, әсіресе, қазақ ауылынан шыққан адам үшін, бұл – үлкен жетістік еді. Сондықтан мен айтар едім, қашанда алға қарай ұмтылу керек, сонда ғана адам жігерлене түседі.

«Ғылымның патшасы – математика»

– Бұл салаға қызығушылығыңыз қалай пайда болды?

– Менің ғылымға деген қызығушылығым ерте жастан басталды. Мектепте оқып жүргенде-ақ математика пәніне ерекше ықылас танытушы едім. «Ғылымның патшасы – математика» деп тегін айтылмаған ғой. Бұл қызығушылық мені Мәскеу мемлекеттік университетінің Механика-математика факультетіне алып келді. Туған жерден жырақта жүріп ілім-білім іздедім. Ақыры, оны 1969 жылы тәмамдадым. Міне, үздіксіз білім менің жолымды ашқан сияқты. Кейіннен ғылым жолындағы ізденістерім мені функционалдық анализ және оның қолданбалары саласына бағыттады.

– Қазір еліміздің ғылым саласында жүрген көптеген ғалымдар сіздің мектебіңізден өткенін айтады...

жасанды интеллект (ЖИ) – өте қуатты құрал, күрделі есептерді шеше алады, адам өмірін жеңілдетуге көмектеседі. Бірақ оны санасыз қолдану үлкен қауіпке айналары сөзсіз.

Шыны керек, қазіргі кезде адамдар технологияға тым тәуелді болып барады. Тіпті, балалар бұрынғыдай көбейту кестесін жаттамайтын болды. Қазір оның орнын алмастыратын калькулятор бар. Бірақ бұл да жақсы емес. Мәселен, егер аяқасты техника қателессе ше? Сондай-ақ, мына жасанды интеллект дегеніңіз де от сияқты дүние. Оны дұрыс қолданса, пайдасы мол, бірақ бақылаусыз қалса, үлкен зиян келтіруі әбден мүмкін.

Шынайылық пен дәлдік маңызды

– Ғылымдағы ең үлкен жетістігіңіз туралы айтсаңыз...

– 2014 жылы мен Навье–Стокс теңдеулерінің шешімін таптым деп жарияладым. Бұл теңдеулер гидродинамикада сұйықтықтар мен газдардың қозғалысын сипаттайды және мыңжылдықтың ең күрделі жеті есебінің бірі болып саналады.

Адам жіберген қателіктерінен сабақ алуы керек

– Болашақта ғылым жолын таңдағысы келетін жас ғалымдарға қандай кеңес айтар едіңіз...

– Ең алдымен, еңбекқор болу керек. Сосын адам бойындағы дарындылық маңызды. Бірақ табандылық пен тынымсыз еңбек одан да маңыздырақ. Екіншіден, өз бетіңізше ойлап, басқалардан дайын шешімдерді күтпеңіз. Үшіншіден, қателіктерден қорықпаңыз, тіпті ұлы ғалымдардың өздері де қателескен. Ең маңыздысы, адам жіберген қателіктерінен сабақ алу керек.

– Ғылым жолындағы, жалпы өмірлік тәжірибеңізден естелік болар оқиға есіңізде ме?

– Кезінде диссертация қорғау барысында көптеген қиындықтар болды. Сол жолда әртүрлі адамдармен, ауыл мұғалімдерімен бастап, әлемге танымал академиктермен кездестім. Дегенмен, бұл тәжірибелердің де көмегі болды. Маған ғылымның тек теория емес, өмірдің бір бөлігі екенін түсінуге көмектесті.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**Роза СУРАНШИЕВА,
№161 лицей директоры:**

Ғылым – ең алдымен адам тағдыры

Айтулы ғалыммен кездесуден балалар үлкен ой түйді. Олар өздерінің жарқын болашағын армандап, қиялына қанат бітірді. Тарихта біртуар азаматпен кездесудің сәті түсе бермейді. Көп дүние айтылды. Оқушыларымыз ғылым деген жай ғана формулалар мен есептеулер емес, ол адамның тағдыры екенін түсінді.

Егер біз дұрыс бағытта жүрсек, технологиялар бізге қызмет ететін, адам игілігіне бағытталған болашақты құра алатынымызды ұғынды. Ол үшін білім керек. Осынау кездесу барысында оқушылар білім алуға, ғылымға адал болуға және өз еңбегімен үлкен жетістіктерге жетуге болатынын түсінді.



ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ҰЛТ

ЗИЯТКЕРЛЕР ЗАМАНЫ

Алматы – ақыл-ой орталығына лайық қала

XXI ғасыр – зияткерлік дәуірі. Бұл заманда елдің болашағы – жер қойнауындағы байлықпен емес, ой тереңдігімен, идея сапасымен, ғылыми әлеуетімен бағаланады. Сондықтан елімізде кешенді әрі кәсіби «ақыл-ой фабрикаларын» құру қажеттігі туындап отыр. Мысалы, АҚШ-та ең атақты – «РЭНД Корпорэйшн» орталығы жұмыс істейді. Америкалықтар мұндай орталықтарды «ақыл-ой фабрикасы» деп атайды. Олардың атқарып жатқан жұмыстары орасан зор. Жұмыс істеу механизмі былай: ел ішіндегі ең ақылды, тың ойлайтын ғалым азаматтарды жинайды. Мамандардың жеке бастарын материалдық жағынан толық қамтамасыз етеді, тұрмысына қажеттің бәрін тауып береді. Есесіне, әлгі мамандар еш алаңдамай, мемлекеттің мүддесіне жұмыс істейді. Оларға «сен мынаны істеуің керек, былай істеуің керек» деп сауақпен нұқып отырып тапсырма бермейді, біліктен қысым көрсетілмейді. Соның арқасында ғалымдардың көкейінде жасырынып жатқан тың ойлар сыртқа шығады. Осындай орталықтар Қазақстанға да өте-мөте қажет.

Серік
ЖҰМАБАЕВОЙСЫЗ ҰЛТ ӨЗГЕГЕ
ТӘУЕЛДІ БОЛАДЫ

Қазақстан жаһандық сын-қатерлер мен ішкі тұрақсыздықтардың тоғысқан дәуірінде өмір сүріп отыр. Осындай күрделі кезеңде ел дамуының кепілі – ғылыми негізделген шешімдер, тәуелсіз сараптама, ұзақмерзімді стратегиялық болжау. Бұл үшін мемлекеттің қуатты «ақыл-ой фабрикаларына» зәру екені айқын. Ал осындай орталықтарды қалыптастыруда Алматы қаласы шешуші рөл атқара алады. Себебі, Алматы – Қазақстандағы білім мен ғылымның алтын діңгегі, дербес ой мен сараптамалық пікір тоғысатын алаң. Алайда, бұл әлеует толық ашылып отыр ма?..

Алматы – жай ғана мегаполис емес. Бұл қала – мыңдаған студент пен жүздеген ғалымның ордасы, идеялар мен пікірлер тоғысатын интеллектуалдық кеңістік. Алайда, ғылым мен сараптаманың орталығына айналуға толық әлеуеті бола тұра, Алматыда әлі күнге дейін жүйелі, институционалды «ақыл-ой фабрикалары» қалыптаспаған. Жаһандық геосаяси турбуленттілік пен ішкі реформалар дәуірінде, Қазақстан үшін дәл қазір өз идеяларын жүйелеп, дәлелдеп, болашақты болжайтын тәуелсіз зерттеу орталықтары ауадай қажет.

АЛМАТЫ – АҚЫЛДЫҢ МЕКЕНІ

Алматы – елдің ғылыми, мәдени, сараптамалық орталығы саналады. Мұнда ірі жоғары оқу орындары, ғылыми-зерттеу институттары, БАҚ пен тәуелсіз сарапшылар шоғырланған. Қазақстандағы аналитикалық ой-пікірлердің басым көпшілігі дәл осы қалада қалыптасып, қоғамға таралады.

Бүгінде Алматыда ондаған тәуелсіз зерттеу құрылымдары бар. Алайда, олардың көпшілігі донорлық қаражатқа тәуелді, тұрақты қаржыландыруы жоқ, жобалық режимде жұмыс істейді. Терең,

кешенді зерттеулер жасауға қауқары жетпейді. Көп жағдайда бұл құрылымдар саяси шектеулердің де құрбанына айналып жатады. Ал батыс елдеріндегі «think tank» моделіндегідей тұрақты, институционалдық негіздегі орталықтар бізде әлі құрылмаған.

Мысалы, Алматыда жұмыс істейтін кейбір тәуелсіз орталықтар – қоғамдық саясатты, білім беру мен құқық салаларын зерттеп келеді. Бірақ олар көбіне шетелдік гранттармен ғана күн көреді. Ішкі сұраныс, әсіресе, мемлекеттік құрылымдар тарапынан мардымсыз.

Салыстырып қарасақ, Лондон, Вашингтон немесе Берлин секілді қалалар елдің тек әкімшілік орталығы емес, сонымен бірге ғылыми-сараптамалық орталығы ретінде танымал. Алматыда да осындай модель жасауға барлық алғышарт бар. Ол үшін тек саяси жігер мен экономикалық қолдау керек.

САРАПТАМАЛЫҚ
СЕРПІЛІС ҚАЖЕТ

Бізге ұзақмерзімді болжамдар керек. Қазақстан 2050, 2100 жылдары қандай экономикалық және геосаяси ортада өмір сүреді? Оған дайынбыз ба?..


Ұлттық мүддені қорғау маңызды. Қытай, Ресей, Орталық Азия, Батыс елдері

✓ КЕРЕК ДЕРЕК

• Алматыда 39 жоғары оқу орны орналасқан, бұл Қазақстандағы ең жоғары көрсеткіш.

• Студенттер саны: 2024-2025 оқу жылының басында Қазақстан бойынша студенттердің жалпы саны 624,5 мың адамды құрады. Оның ішінде үштен бірі, яғни шамамен 202 мың студент Алматы қаласында білім алады.

• Ғылыми зерттеу институттарының 40%-ы Алматыда орналасқан.



THINK TANK ДЕГЕН НЕ?

Think tank – ғылыми негізде зерттеу жасап, мемлекетке, қоғамға идея мен бағыт ұсынатын ұйым. Бұл құрылымдар саясат пен экономикада, білім беру мен қауіпсіздік саласында стратегиялық шешімдер қабылдауға көмектеседі.

арасындағы күрделі тепе-теңдікте өз мүддемізді қалай қорғаймыз?..

Әлеуметтік саясат, білім беру, энергетика, көші-қон сынды салаларда негізделген, цифрмен дәлелденген ұсыныстар қажет.

Қоғамдық пікір қалыптастыру керек. Ақиқатқа негізделген талдау арқылы халықтың сенімін арттыруға болады.

Қала даму мәселелері бойынша, мысалы, Алматы экологиясы, көлік кептелісі, әлеуметтік теңсіздік, еңбек миграциясы сияқты күрделі проблемаларға тап болып отыр. Бұл мәселелерді шешу үшін ғылыми негізделген урбанистикалық стратегия қажет. Ал оны кәсіби ақыл-ой орталықтары ғана ұсына алады. Алматы – ақпараттық ағын мен пікірлер тоғысатын алаң. Осында жасалатын әрбір сараптама ел көлеміне әсер етеді. Қаладағы зерттеу орталықтарының күшеюі – елдің ақпараттық қауіпсіздігіне де үлес қосады. Тіпті, Алматы – өңірлік геосаяси маңызы бар қала. Қалада орналасқан зерттеу орталықтары Орталық Азияны қамтитын трансшекаралық сараптамалар жүргізе алады.

ОЙ АЙТАТЫН ОРТА ҚАЛЫПТАСПАЙ,
ӨРКЕНИЕТ ҚҰРЫЛМАЙДЫ

Тәуелсіз сараптамалық орталықтарға жағдай жасау маңызды. Оларға салықтық жеңілдіктер, мемлекеттік емес қаржыландыру көздеріне қолжетімділік берген жөн. Зерттеу орталықтары жоғары оқу орындарының интеллектуалдық базасына сүйенуі керек. Мемлекет тарапынан саяси еркіндік қамтамасыз етілуі қажет. Ақыл-ойдың дамуы үшін цензура мен қысым болмауы тиіс. Мемлекеттік деңгейде бағдарлама қабылдап, Алматыда пилоттық негізде ұлттық зерттеу институтын құрған жөн. Ол мемлекеттік емес сипатта, бірақ тұрақты қаржыландырумен қамтамасыз етілуі тиіс. Қала әкімдігі де қолдау көрсетіп, урбанистика, әлеуметтік саясат, білім беру, цифрландыру бағытында сараптама жасап отыратын құрылымдарға тапсырыстар беру қажет. Университеттермен байланысты күшейту маңызды. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, КИМЭП, СДУ сынды жоғары оқу орындары бұл үдеріске белсенді тартылуы тиіс.

ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕ

Дамыған елдердегі ақыл-ой орталықтарының (think tank) тәжірибесі – Қазақстан үшін үлгі боларлық әрі мұндай құрылымдардың қоғам мен мемлекет өміріндегі орны зор.

Think Tank индустриясының отаны – АҚШ-та RAND Corporation, Brookings Institution, Heritage Foundation, Carnegie Endowment for International Peace, Council on Foreign Relations секілді негізгі орталықтары жұмыс істейді. Бір ерекшелігі, АҚШ-та 2000-нан астам think tank бар

(әлемдегі ең көп). Сараптамалық орталықтар мемлекеттен тәуелсіз, бірақ саясатқа ықпал етуші басты күштердің бірі. Қаржыландыру көздері әртүрлі: үкіметтік гранттар, жеке донорлар, университеттер, корпорациялар, қорлар.

АҚШ тәжірибесіне сүйенсек, ғалымдарды материалдық тұрғыда толық қамтамасыз ету арқылы олардан сапалы идея алуға болады. Ақпарат еркіндігі мен пікір плюрализмі – think tank-тердің табысты жұмыс істеуінің алғышарты.


Ұлыбританиядағы Chatham House орталығы – әлемдегі ең ықпалды халықаралық қатынастар институттарының бірі. Үкіметпен тығыз байланыс бар, алайда саяси бейтараптық сақталады. Сараптамалық орталықтар партияаралық бәсекеде идеялар генераторы ретінде көрінеді. Think tank-тер мемлекеттік саясатқа тікелей әсер етеді. Олар білім мен билік арасындағы көпір рөлін атқарады.

Германияда орталықтардың көбі саяси партиялармен байланысты, бірақ ғылыми еркіндік сақталады. Қаржыландыру – мемлекеттік бюджет пен жеке қорлар арқылы. Зерттеу жұмыстары ұзақмерзімді стратегиялық мақсаттарды қамтиды (білім беру, цифрлық трансформация, көші-қон, т.б.). Қоғамдық пікір қалыптастыруда олардың орны ерекше.

PS: Қазақстан үшін ақыл-ой фабрикалары – тек ғылыми не сараптамалық ұйым ғана емес, бұл – елдің болашағына салынатын инвестиция. Экономикалық дербестік, ұлттық қауіпсіздік және қоғамдық тұрақтылық – бәрі де терең, тәуелсіз сараптамаға негізделген шешімдерге тәуелді. Бұл бастама – ертеңгі ұрпақ алдындағы тарихи жауапкершілік. Бұл ретте Алматы – ақыл-ой орталығы болуға лайық.

Алматы қаласы өзінің демографиялық және білім беру әлеуетін тиімді пайдалана отырып, Қазақстанның стратегиялық ақыл-ой орталықтарын дамытуда жетекші рөл атқара алады. Бұл үшін мемлекеттік қолдау, қаржыландыруды әртараптандыру және университеттермен тығыз ынтымақтастық қажет.

Ірі қалалар бойынша жоғары оқу орындарының саны



ҒЫЛЫМЫ ДАМЫҒАН ЕЛ

кез келген сын-қатерге төтеп бере алады



Мемлекет басшысы ғалымдарды кәсіби мерекесімен құттықтады

Президент ғылымның әр саласында табысты еңбек етіп, мемлекетімізді өркендетуге атсалысып жүрген азаматтарға ризашылығын білдірді.

ҒАЛЫМ – ҰЛТ ШАМШЫРАҒЫ

– Ғылым жолы – күрделі жол. Өз ісіне адал, табанды, еңбекқор, жаңашыл әрі жасампаз адамдар ғана ғылым жолындағы қиындыққа төзе алады. Біз шын мәнінде озық ойлы ұлт боламыз десек, қоғамда осы қасиеттерді дәріптеп, орнықтыруымыз қажет. Ұлы Абай да өз заманында «Ғылым таппай мақтанба» деп өсиет қалдырды. Қазір технология қарқынды дамыған кезеңде біз үздіксіз ізденіске, терең білім мен ғылымға ерекше мән беруіміз керек. Мен Бұрабайда өткен Ұлттық құрылтай кезінде арнайы осы мәселеге тоқталдым. Бұл ретте ғылыми қауымдастыққа айрықша жауапкершілік жүктеледі. Өйткені, ғалым – ұлттың шамшырағы, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ЖАҢА ҮРДІСТЕРГЕ – ТЫҢ СЕРПІН

Басқосуда Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ғылымға баса мән берілмегені, көптеген ғалымның басқа салаға ауысып кеткені жайында айтылды. Соның салдарынан Қазақстандағы ғылыми қызметкерлердің саны үш есе азайып, бұл ахуал ұлттың зияткерлік әлеуетіне орасан зор кесірін тигізген. Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы ғылым саласында жемқорлық фактілерінің көбейіп кеткенін де тілге тиек етті. Мәселен, «Парасат» холдингін басқарған белгілі академик оны әбден тонап, кейін балаларымен бірге АҚШ-тың азаматтығын алып, мұхиттың ар жағына қашып кеткен. Дегенмен, бүгінде жағдай оңалып, ғылым қайтадан төрге шыққанын атап өтті. Бұл – мемлекеттің нағыз, адал ғалымдарға сенімі деген сөз.

– Мемлекет ғылымды дамыту үшін нақты шаралар қабылдап жатыр. Мен осыдан үш жыл бұрын Ғылым академиясын жаңғырту туралы тапсырма бердім. Содан бері ауқымды жұмыс жасалуда. Академияға жоғары ғылыми ұйым мәртебесі берілді. Инфрақұрылым жүйесі жаңартылып жатыр. Кадр даярлау ісі жолға қойылды. Былтыр қабылданған «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заң осы үрдістерге тың серпін берді. Құжатта

ғылымды басқару тәсілдері нақтыланды. Ғалымдарды әлеуметтік қолдау шаралары айқындалды. Бір сөзбен айтсақ, заңда ғылым жолында еңбек етіп жүрген азаматтардың мүддесі барынша ескерілді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ЯДРОЛЫҚ ҒЫЛЫМ МЕН ТЕХНОЛОГИЯНЫ ДАМУҒА – СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТ

Ғылым – стратегиялық маңызы бар сала болғандықтан соңғы жылдары бұл бағытқа бөлінетін қаржы 3,5 есе артты, жас зерттеушілерге қолдау күшейді. Мемлекет басшысының пікірінше, осындай қадамдар еліміздің ғылыми әлеуетін арттыра түседі. Қазір Қазақстанда 25 мыңнан астам ғалым болса, олардың жартысы – 40 жасқа толмаған мамандар. Бұл елімізде ғалымдардың жаңа буыны қалыптасып келе жатқанын көрсетеді.

Қасым-Жомарт Тоқаев отандық ғылымның алдында тұрған бірқатар маңызды міндетке назар аударды.

– Стратегиялық міндеттердің бірі – ядролық ғылым мен технологияны дамыту. Бұл салада Қазақстанның әлеуеті зор. Алматыдағы Ядролық физика институты мен Курчатовтағы Ұлттық ядролық орталық сияқты алдыңғы қатарлы ғылыми мекемелер іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізіп, мамандар даярлап келеді. Атом энергиясын өндіру – тұрақты энергия көзі ғана емес, экономика мен ғылымның жаңа бағыттарын дамытудың негізгі кілті. Бұл ретте ядролық медицина, сутегі энергиясы, суды тұшыту, синтетикалық отын өндіру, шағын модульді реакторлар және тағы басқалары туралы сөз болып отыр. Осы бағытта зор табысқа жету үшін зерттеу инфрақұрылымын нығайту, ғылыми жұмысты күшейту, инженерлік білім беруді жаңғырту қажет. Президент жанындағы Ғылым және техника жөніндегі ұлттық кеңестің алдағы отырысында атом энергетикасын дамыту күн тәртібіндегі басты мәселе болуға тиіс. Сондай-ақ, мен Ұлттық құрылтайда ғылым қалашықтарын құру мәселесін көтердім. Ұлттық кеңес осы жұмысқа айрықша назар аударуы қажет, – деді Президент.

Мемлекет басшысы әлемде жасанды интеллект технологиялары қарқынды дамып келе жатқанына тоқталды және Қазақстанның аталған салада алдыңғы қатардан көрінуіне толық мүмкіндігі бар деп санайды.

– Адам капиталы – еліміздің бұл бағытта атқаратын жұмысының басты кепілі.

Яғни талантты және білімді азаматтарға арқа сүйейміз. Сондықтан IT мамандарын даярлауды күшейтіп, оқушылар мен студенттерге жасанды интеллект дағдыларын үйретеміз. Отандық ғылымда мұндай келешегі зор бағыттар көп. Жалпы, ғылымның жүйелі дамуы үшін мемлекет пен бизнес, университеттер мен ғылыми орталықтар күш біріктіруі қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

СЕЛЕН ЭЛЕМЕНТІН ЖОҒАРЫ ДӘРЕЖЕДЕ ТАЗАРТАТЫН ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ

Президенттің айтуынша, университеттер тың зерттеулер мен жаңалықтардың бастауында тұруға тиіс. Ал еліміздегі білім мекемелері ғылымнан гөрі маман даярлау ісіне көбірек басымдық береді. Бұл оқу орындарының тікелей міндеті болғанымен, білім мен ғылымды қатар алып жүру керек.

– Қазақстанда зерттеу университеті деген мәртебеге лайық 10 оқу ордасы бар. Ғылымды дамыту үшін бұл жеткіліксіз. Осы жұмысты күшейтуіміз керек. Сондай-ақ, ғылым елге нақты пайдасын тигізуге тиіс. Бұл бағытта біршама жетістігіміз бар. Қолданбалы зерттеулермен айналысатын ғылыми ұйымдардың кірісі соңғы бес жылда 40 миллиард теңгеден асты. Қазынаға 10 миллиард теңгеден астам салық түсті. Алдағы уақытта бұл көрсеткіш ұлғая бермек. Ғылым саласына 14,5 миллиард теңге жеке инвестиция тартылды. Екі мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылды. Осылайша ғалымдарымыз экономиканы өркендетуге атсалысып жатыр. Оқу орындары кәсіпорындармен тығыз байланыс орната бастады. Мысал ретінде Satbayev University зерттеушілерінің жұмысын атап өтуге болады. Университет ғалымдары селен элементін жоғары дәрежеде тазартатын жаңа технология ойлап тапты. Соның нәтижесінде бір келі селеннің құны 15 есе артып, оны өндіретін компанияға 1,2 миллиард теңге қосымша пайда әкелді, – деді Мемлекет басшысы.

ЦИФРЛАНДЫРУ ДӘУІРІ: ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ӘЛЕУЕТІ ЖОҒАРЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев жас академик Сұраған Дүрбітханның еңбегін ерекше атап өтті. Оның математикалық физика саласындағы ғылыми зерттеулері криптография және мәліметтерді қорғау жү-

йесінде сәтті қолданылып жатыр. Президент цифрландыру дәуірінде мұны өте маңызды жетістік ретінде бағалап, бұл қазақ ғылымының әлеуеті жоғары екенін көрсеткенін айтты.

Мемлекет басшысының пікірінше, еліміздегі кәсіпорындар да ғылымды дамытуға үлес қосуға тиіс. Олар университеттермен және ғылыми орталықтармен бірлесіп, жаңа өнімдер шығаруы керек. Қазақстандағы ірі өндіріс орындары өз табысының 1 пайызын ғылым саласына аударып келеді. Президент мұны стратегиялық маңызға ие бағыт деп санайды.

БАСТАМАЛАР ТОЛЫҒЫМЕН ОРЫНДАЛАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі әлемдік ахуалға тоқталды. «Көптеген сарапшылар дүние жүзі кейінгі ондаған жылда болмаған ең ауыр дағдарыстың табалдырығында тұрғанын мәлімдеді. Алпауыт мемлекеттер бір-біріне қарсы «тариф майданын» ашқан соң өндіріс пен сауда тізбегінің бұзылғаны, нарықтардың құлдырап, шикізат бағамының тұрақсыздана бастағаны байқалады. Бұл барлық елге, соның ішінде Қазақстанға әсер ететіні сөзсіз. Қазір жоғары тарифтер енгізуге 90 күндік мораторий жарияланғанымен, нарықтағы жағдай өте тұрақсыз. Сондықтан біз осынау экономикалық дүрбелеңнің Қазақстан экономикасына тигізетін салдарын жоюмен айналысып жатырмыз. Алайда, дүрлігуге себеп жоқ екеніне сенімдімін. Біз сын-қатерлердің бәрін әрдайым өзіміздің басым бағыттарымызды басшылыққа ала отырып еңсеріп келеміз. Сыртқы қолайсыз факторлардың ықпалына қарамастан дамудың даңғыл жолын жалғастыра береміз. Негізгі инфрақұрылымдық жобалар мен басқа да бастамалар толығымен орындалады. Кеше Үкімет пен жергілікті атқарушы органдардың іс-қимыл жоспарын шұғыл аяқтауды тапсырдым. Бұл қадам өсім қарқыны мен инвестиция көлемін төмендетпеді көздейді. Бүгінде инвестиция үшін күрес үдеді. Сондықтан әбжіл қимылдауға тиіспіз. Біз барлық сын-қатерге дайын болғанымыз жөн. Жұмыстың бәрін байыппен әрі сенімді түрде атқару керек. Өздеріңізге белгілі, дағдарыстың да өз қайыры бар. Ол басшылық қызметтегі азаматтардың іскерлік қабілетінің бар-жоғын айқындап береді. Сондай-ақ, жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Сыртқы ахуал түбегейлі өзгерген кезеңде ұлттық экономиканың орнықтылығы мен әлеуметтік тұрақтылықты сақтау үшін мұның маңызы зор, – деді Мемлекет басшысы.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАШАҒЫ ОТАНШЫЛ ӘРІ БІЛІКТІ ҒАЛЫМДАРДЫҢ ҚОЛЫНДА

Қасым-Жомарт Тоқаев ғылыми дамыған ел кез келген сын-қатерге төтеп бере алатынына баса мән берді. Сондай-ақ, Қазақстанның болашағы отаншыл әрі білікті ғалымдардың қолында екенін, мемлекет оларға жан-жақты қолдау көрсете беретінін атап өткен Президент бүкіл саналы ғұмырын ғылым-білімге арнаған ардагерлер мен дарынды жас ғалымдарға алғыс айтты, бір топ ғалымды мемлекеттік наградамен марапаттады. Іс-шарада «Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері» атағы тұңғыш рет тапсырылды. Сондай-ақ, бір топ жас ғалымға баспана кілті берілді.

Салтанатты рәсімде Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Ұлттық Ғылым академиясының академиктері Жұмабай Бәкенов пен Сұраған Дүрбітхан, Өсімдіктер биологиясы және биотехнология институтының кіші ғылыми қызметкері Анастасия Капытина сөз сөйледі.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: akorda.kz)



WORLDSKILLS ALMATY – 2025

КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК СЫНАЛАТЫН АЛАҢ

Алматыда аймақтық чемпионат басталды

**ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ****Әсем НҮСІПОВА, Алматы қаласы әкімінің орынбасары:**

АЛМАТЫ ЖАСТАРЫНА СЕНІМ МОЛ

Жыл сайынғы дәстүрге айналған чемпионат қала жастарының кәсіби біліктілігін анықтайтын үлкен платформаға айналды. Биылғы жарыстың маңызды кезеңі Атакенттің көрме алаңында өтеді. WorldSkills Almaty – 2025 – жас мамандардың қабілеттерін көрсетуге таптырмас мүмкіндік деп санаймын.

Біз бұл шараға 10-11-сынып оқушыларын да шақырып отырмыз. Себебі, олар үшін үлкен мотивация, кәсіби бағдар беретін нақты мысал болмақ. Осы сайыстан кейін олар болашақ мамандығын таңдауға сенімді түрде қадам жасауы мүмкін. Бірінші орын иегеріне 150 000 теңге көлемінде ақшалай сыйақы табысталады. Үздік қатысушылар республикалық WorldSkills чемпионатына жолдама алады. Бұл чемпионат қараша айында Астана қаласында өтеді.

Сонымен қатар, жеңімпаздар EuroSkills 2025 (қыркүйек, Дания) және WorldSkills халықаралық чемпионатына қатысу мүмкіндігіне ие болады. 2024 жылы Астанада өткен республикалық чемпионатта Алматы қаласы екінші орынды иеленген болатын. Францияның Лион қаласында өткен 47-ші халықаралық чемпионатта Қазақстан ұлттық құрамасы 7 медаль иеленіп, тарихи жетістікке жетті.

Әйгерім БОЛАТҚЫЗЫ, конди-терлік шеберлік бойынша бас сарапшы:

ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ӘЛЕУЕТІ ЖОҒАРЫ

Мен бұл салада 2017 жылдан бері жұмыс істеп келемін. Тәжірибе-ме сүйене отырып айтарым, биылғы қатысушылардың да әлеуеті жоғары екенін байқадым. Бұл бағыт бойынша қаладағы 6 колледждің студенттері бақ сынап жатыр. Чемпионат үш күнге жоспарланған, 15 модуль бойынша өтіп жатыр. Әр күнге белгілі бір модульдер бекітілген. Бүгін, бірінші күні қатысушылар бағет және камолия түрлерін дайындайды. Бұл кезеңдерге 1,5 сағат уақыт беріледі. Қатысушылардың жұмысын бағалауда бірнеше маңызды талаптар ескеріледі.

Атап айтқанда, уақытты дұрыс пайдалану, өнімнің түсі, дәмі, иісіне мән беріледі. Сосын, әрине, гигиена мен санитариялық талаптардың сақталуына да басымдық беріледі. Кондитерлік өнімді дайындау кезінде тазалық сақтау – басты талаптардың бірі. Қатысушы қоқысты арнайы орынға тастауға, қолын жиі жууға, құрал-жабдықтарды таза ұстауға міндетті.

Жалпы, алты сарапшы бағалайды, оның ішінде бір бас сарапшы және тәуелсіз сарапшы бар. Бірінші күн болғандықтан шығар, қатысушыларда сәл қобалжу бар екені байқалады. Дегенмен, барлығы да жақсы дайындалған, тапсырмаларды орындап жатыр. Чемпионат алаңының атмосфера, жұмыс істеуге қолайлы.

Бұлшара WorldSkills International бағаларлық стандарттары негізінде ұйымдастырылды. Чемпионаттың мақсаты – жұмысшы мамандықтардың беделін арттыру және техникалық-кәсіптік білім алып жатқан жастардың кәсіби дағдысын дамыту.

**Гүлжанат СЕМБАЕВА**

Сайысқа қаладағы колледждерде оқитын студенттер қатысып, кәсіби шеберлігін түрлі бағыттар бойынша көрсетеді. Ал бағалау үшін 250-ден астам кәсіби сарапшы және 30%-дан астамы жұмыс берушілер қатарынан шақырылды. Олар қатысушылардың тапсырмаларды орындау сапасы мен кәсіби стандарттарға сәйкестігін бағалайды. Жеңімпаздар 2025 жылдың қарашасында Астанада өтетін WorldSkills Kazakhstan – 2025 республикалық чемпионатына қатысу құқығын алады. Сондай-ақ, қыркүйекте Данияның Хернинг қаласында өтетін EuroSkills Herning 2025 халықаралық чемпионатында Қазақстанның намысын қорғауға жолдама алады. WorldSkills Almaty – 2025 – жас мамандардың қабілетін шыңдап, тәжірибе жинайтын және жаңа мүмкіндіктер ашатын бірегей алаң.

Айта кету керек, биылғы чемпионаттың ерекшеліктерінің бірі – Алматы қаласының 9 және 11-сынып оқушылары арнайы шақырылды. Оқушылар кәсіптік бағыт-бағдар алып, болашақ мамандығын дұрыс таңдауға мүмкіндік алады. Чемпионатқа 25 құзырет бойынша 200-ден астам колледж студенті қатысады.

Сонымен қатар, қаладағы колледж базаларында қосымша түрде тағы 23 құзырет бойынша жарыстар өтеді. Чемпионат 7 негізгі бағыт бойынша өтеді: Құрылыс және құрылыс технологиялары, ақпараттық және коммуникациялық технологиялар, өндірістік және инженерлік технологиялар, өнер және дизайн, әлеуметтік және жеке қызметтер, көлік және логистика, білім беру. Сондай-ақ, ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерді қолдау мақсатында WorldSkills стандартына сай «Abilympics» байқауы ұйымдастырылады. Бұл байқау «Сән технологиясы» құзыреті бойынша өтеді.

Кәсіптік бағдар беру мақсатында Алматы қаласының мектептерінен 12 мыңнан астам 9-сынып оқушысы чемпионатқа арнайы шақырылады. Олар үшін «Менің болашақ мамандығым» атты мамандықтар жәрмеңкесі ұйымдастырылады. Іс-ша-

ра барысында өндірістің үздік мамандарынан шеберлік сабақтар өтеді. Онда колледж мамандықтары мен олардың артықшылықтары туралы ақпарат беріп, чемпионат алаңдары бойынша экскурсиялар ұйымдастырылады.

Ашылу салтанатына Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпова және Алматы қаласы мәслихатының төрағасы Мейіржан Отыншиев қатысып, жас мамандарға сәттілік тіледі.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылды – Жұмысшы мамандықтары жылы деп жариялады. Бұл бастама еліміздің экономикасының негізін құрайтын техникалық және кәсіптік бағыттағы мамандықтарға көрсетілген зор қолдау мен жоғары құрметтің айғағы болып отыр. Осыған орай, біз WorldSkills Almaty – 2025 аймақтық чемпионатын жаңа форматта ұйымдастырып отырмыз. Биыл чемпионат

ауқымы кеңейіп, қатысушылар саны артты. Чемпионатқа 53 құзырет, яғни мамандық бағыты бойынша 350 жас маман қатысуда. Ертең чемпионат ресми түрде басталады. Ал бірнеше күннен кейін біз еліміздің ең ірі мегаполисі – Алматы қаласындағы үздік жас мамандардың есімдерін анықтаймыз. Жеңімпаз атанған алматылықтар Астанада өтетін WorldSkills Kazakhstan республикалық чемпионатында бақ сынайды. Ал ең үздіктерге халықаралық деңгейде Қазақстанның намысын қорғау мүмкіндігі беріледі. Чемпионат жыл сайын заманауи және сұранысқа ие мамандарды даярлаудың қозғаушы күшіне айналып келеді. Шаһарымыздың чемпионатында жаңа жұлдыздардың жанатынына және олардың жарқын жеңістерінің куәсі болатынымызға кәміл сенемін», – деді Алматы қаласы мәслихатының төрағасы Мейіржан Отыншиев.



КӨРМЕ



«СОҒЫС
ЖАҢҒЫРЫҒЫ»

Алматы Мемлекеттік
архиві «көшпелі»
көрме ұйымдастырды

Ел тарихына қатысты деректерді ұдайы назарда ұстайтын мекеме бұл жолы көшпелі көрме сынды тың форматты таңдаған. Яғни көрмені көпшілік жиналатын Арбатта өткізуді жөн көріпті.

Ернұр
РЫСБАЙ

Көрме бір күн бойы қала тұрғындары көп жиналатын №54 қазақ-ресей гимназиясының алдындағы Арбатта өткізілді. «Соғыс жаңғырығы» деп аталған экспозицияда соғыс шебінен жазылған хаттар, сарбаздардың отбасылық фотоальбомдары мен тарихи құжаттар қойылған. Ондағы әр сурет – бір тағдыр, бір өмір. Мәселен, көрмеде алматылық Антонина Каткованың фотосуреті қойылған. Ол 1942 жылы ерікті түрде майданға аттанып, Сталинград пен Курск шайқастарына қатысқан. Тағы бір суретте – Фёдор Жила бейнеленген. Ол 1941 жылы әскер қатарына шақырылып, парашют-десант бөлімдеріне алынған. Сол жылы қарашада алғашқы шайқасқа қатысып, 1944 жылы Яссы-Кишинев операциясындағы ерлігі үшін Кеңес Одағының Батыры атағын алған.

«Соғыс жаңғырығы» көрмесі №54 гимназия ғимаратында екі апта бойы жалғасады. Осы уақыт ішінде Жеңіс тарихымен барынша көп оқушылар мен ұстаздарды таныстыру жоспарланған.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Олег БЕЛОНОСОВ,
Алматы мемлекеттік архивінің
бас сарапшысы:

Көрмеде сирек кездесетін құжаттар
мен хаттар бар

Жеңіс күні қарсаңында біз жыл сайын көрмелер мен кездесулер ұйымдастырамыз. Бірақ бұл жолы халық арасына, әсіресе, жастарға жақын болу үшін көрмені Арбатқа шығардық. Жастардың көбі уақытын сол жерде өткізеді. Осы арқылы біз олардың назарын тарихи жадыға аударғымыз келді. Бұл көрмеге қойылған деректер – біздің қорда сақталған мәліметтердің тек бір бөлігі ғана. Бізге түрлі қор құрастырушылар сирек кездесетін құжаттар мен хаттар тапсырған. Солардың арасында Бауыржан Момышұлына қатысты материалдар да бар. Олардан шабыттанып, мен ол кісі туралы кітап жаздым.

ӘЛИЯ МОЛДАҒҰЛОВА – 100

ЖАРҚЫН ҒҰМЫР

Биыл халқымыздың қаһарман перзенті, Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың туғанына 100 жыл толып отыр. Осынау мерейтойға орай ұлт мақтанышына айналған ару қызымыздың ерлігін жаңғырту мақсатында мерейтойлық бағдарлама бекітілді. Бұл – батыр рухына тағзымның символы әрі оның есімін ұрпақ жадында мәңгі қалдырудың көрінісі.



Рая
ЕСКЕНДІР



Отан үшін от кешкен, қызғалдақ-ғұмыры қысқа қайырылған қаршадай қазақ қызы Әлия Молдағұлованың ерлігіне тамсанып, оны ән мен жырға арқау етпеген жан кемде-кем. Әлем тыңдаған «Әлия» әнінен бастап, қазақ қызының ерлігін қырғыз режиссері Б.Шәмшиев өзінің «Мергендер» фильміне арқау етті. Қазір ресейлік режиссерлердің ұсынысымен «Әлия» атты көркемсуретті фильм түсірілу үстінде. Ағымдағы жылдың 14 қаңтарында Әлияның ерлікпен қаза тапқанына 80 жыл толды. Бұл күні Қазақстанның түкпір-түкпірінде Әлияны еске алуға арналған түрлі шаралар өтті. Дәл осы күні Астанада Қорғаныс министрі Р.Жақсылықовтың қатысуымен Әлия Молдағұловаға арналған ескерткіш ашылды.

Әлия Молдағұлованың мерейтойы республикалық салтанатты шаралар тізіміне енгізіліп, «100 жылдыққа – 100 шара» бағдарламасы бекітілді. Мерейтой батырдың туған жерінен бастау алып, Ақтөбедегі «Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлова атындағы мемориалдық музейіне» жөнделу жұмыстары жүргізілді.



Бүгінде Қобда ауданындағы Әлия атындағы ауылда «Әлия» патриоттық орталығы, «Әлия» ауылдық клубы, «Әлия» патриоттық тәрбие беру орталығы жұмыс жасайды. Әлия Молдағұлованың мемориалдық музейі батыр өміріне қатысты тың естеліктерді, құжаттарды жиып, келушілер назарына ұсына бастады. Кезінде Әлия білім алған Санкт-Петербургтағы №140 мектеп батыр есімімен аталады, қазір онда «Сен бізбен біргесің, Әлия!» атты телекөпір мен ерлік сабақтары басталды. Ал Красногвардейск ауданындағы батыр қыз тәрбиеленген №46 балалар үйі орналасқан Гурдин көшесі қазір Әлия Молдағұлованың есімімен аталады. Сондай-ақ, жыл сайын елімізде «Әлия оқулары» байқауы өтіп келеді. Жақында Алматыдағы Әлия мен Мәншүк сквері күрделі жөндеуден өтті. Алматыдағы Абай атындағы опера және балет театрының репертуарынан түспей келе жатқан «Әлия» балеті де батырға деген құрмет.

«Қобда, Нева суларын сүйіп өскен...»

Әлия Молдағұлова 1925 жылдың 25 қазанында Ақтөбе облысы, Қобда ауданының Бұлақ ауылында дүниеге келген. Ата-анасынан ерте айырылған Әлия нағашы ағасының тәрбиесінде болып, соның тегін алған. Әкесі де дұшпан қолынан қаза табады.

Ол Алматыда тұратын туысқан ағасының қолында тұрып, 1935 жылы Ленинградқа аттанады. Сондағы Красногвардейский ауданы, Гурдин көшесіндегі №46 балалар үйіне орналасады. Жалпы, туған топырағынан жастай ажырап, ерте есейген Әлияның балалық шағы, есейген уақыты туралы деректер мұрағатта көп емес. Әсіресе, Әлияның Мәскеу, Ленинград қалаларында білім алған, тәрбиеленген кезең-

деріндегі тәрбиешілері мен мұғалімдерінің, достарының естеліктері көп таралмаған. Дегенмен, сарғайған жапырақтай мына бір естелік біз үшін тым ыстық. Өйткені, мұнда Әлияның бар болмысы, яғни болашақ батырдың мінез-құлқындағы ерекшеліктер бірден танылады.

Жеңіс сәулесін
нұрландырған жауынгер

Сол кезеңде шығып тұрған «Отан үшін, алға!» майдандық газетінде Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың ерлігі жайлы арнайы мақала жарияланған екен. (Дереккөз: adebiportal.kz). Онда ержүрек комсомол мүшесінің бірнеше рет жауынгерлерді шабуылға бастап, шайқасқа қатысқаны баяндалған. Кеңес жастарының ізгі де асыл қасиеттерін бойына сіңіргені, жарқын ғұмыры – майдандағы жауынгерлерге үлгі болатыны жазылған. Жарияланым «Қазақтың жауынгер қызы Әлия Молдағұлованың есімі – жеңісіміздің сәулесін мәңгілікке нұрландырады» деген сөздермен тұжырымдалған екен.

Алаштың батыр қызы Ұлы Отан соғысының тарихында Әлия Молдағұлова деген атпен қалды. Қазіргі таңда «Артектегі» батырлар тақтасында Әлия Молдағұлованың да суреті ілулі тұр. Соғыс басталған соң балалар үйімен бірге Ярославль облысының Вятское орта мектебінен 7-сыныпты бітірген Әлия Ленинградта қалады. Үздіктер сапында комсомол қатарына қабылданады. Рыбинск авиациялық техникумына түседі. 1942 жылы ол өз өтінішімен майданға аттанады. Әлия Молдағұлованың шын есімі Лия, майдандас достары оны «Лия» деп атаған екен. Қаршадайынан қиындықтың қазанында қайнаған Әлия 1943 жылы снайперлер дайындайтын әйелдер мектебін тамамдап, 54-ші арнайы атқыштар бригадасы 4-батальонының снайпері атанады. Батыр қыз 22-ші әскер құрамында болып, 2-ші Балтық жағалауы майданында ерекше ерлік көрсетеді.

Ленинград қаласындағы
№140 орта мектептің мұғалімі
М.Голубеваның естелігінен:

«Әлия досы Нина Быстровамен төртінші партада отыратын. Әлия кіп-кішкентай, салмақты, ойшыл, сергек қыз болатын. Оның тартымдылығы бірден көз тартатын, ұқыптылығы мен жинақылығы ерекше көзге түсетін. Жай күндері көкшіл түсті сәтеннен тігілген юбка, ал салтанатты мерекелерде көкшіл жүннен тоқылған матрос үлгісіндегі көйлек киетін. Ол мұғалімдердің бірінші көмекшісі болатын. Қоғамдық жұмыстарға белсене қатысып, жалқау оқушыларды үнемі ұялтатын. Жазда табиғат аясына шығуды ұнататын. 6-7-сыныптарда ол староста болды. Балалар оны «біздің тынымсыз староста» деп атайтын. Сабақты үздік оқып, қоғамдық жұмыстарды белсене атқарғаны үшін Әлия Қырымдағы «Артек» лагеріне жіберілді».

Тағы да тарих сөйлесін...

Майдан даласында болған ұрыстар жайлы көне құжатта: «1944 жылдың 14 қаңтары өте ауыр күн болды. 4-батальон Насваны алғаннан соң да неміс басқыншылары оған қарсы жаяу әскер мен танктерін жіберді. Батальон басына қиындық туып, Әлия қызмет ететін рота командирі қатардан шықты. Сын сағатта Әлия орнынан атып тұрып, «Бауырлар, Отан үшін, алға!» деп жүргіргенде, жауынгерлер атойлап, батыр қыздың соңынан көтерілді. Ол Казачиха деревнясы үшін болған ұрыста бірінші болып жау шебіне кіріп, өз автоматынан жаудырған оқпен сегіз фашисті жайратып салып, неміс офицерімен бетпе-бет келді. Дәл осы сәт ізін суытпай әскери бөлімдерге таратылған листовкалар да жарияланды.

Аталған құжатта «Неміс офицері Әлияның күртешесінен тарта берген еді, қайсар қыз бұрыла беріп мылтығынан оқ жаудырды. Бірақ неміс бірінші болып атып үлгерген еді. Әлияның басы айналып, қан кете бастады, аяқ-қолы әлсіреді. Соған қарамастан, қолынан мылтығын түсірмей, соңғы күшін жиып, фашиске қарсы оқ жаудырды. Гитлершіл құлады. Бұл – өлім аузындағы батырдың өлтірген соңғы жетпіс сегізінші немісі еді» деген сөздер жазылған. Жау әскерінің 30-дан аса сарбаздары мен офицерлерінің көзін жойған Әлия 1944 жылы 14 қаңтарда Калинин облысының (қазіргі Псков) Казачиха ауылы үшін шайқаста ерлікпен қаза тапты. Ол 22-әскердің 54-атқыштар бригадасының ең үздік мергені еді.

Әлия Нұрмұхамбетқызы Молдағұловаға 1944 жылдың 4 маусымында Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

МӘҢГІЛІК ТАҒЗЫМ

Алматыда Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған мәдени-патриоттық іс-шара өтті

Шаһардағы №4 кітапханада ұйымдастырылған кездесу Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына арналды. Әрине, бүгінде ғасыр жасаған, саусақпен санарлықтай көзі тірі майдангерлер бұл жиынға келе алмады. Тағылымды кездесуге ел тарихындағы басқа да соғыстарға (Даманск, Ауған) қатысқан ардагерлер келді, олар бүгінгі буынға естеліктер айтып, тәрбиелік мәні бар кеңестерін ортаға салды.



Нұрлан
СҮЙІН

Азаматтық борыш пен перзенттік парыз

«Ұлы Жеңіске мәңгілік тағзым». Алматыдағы айтулы кітапханада өткен мәдени-патриоттық іс-шара осылай аталды. Кітапхана жетекшісі Әлия Іңкәрбек бастаған ұжым ұйымдастырған ардагерлер мен жас буын арасындағы кездесудің тарихи-мәдени мәні аса терең болды. Кездесуге Алмалы ауданы Ардагерлер кеңесі төрағасы Бопай Қабылов бастап, Даманск соғысының ардагері Оңғарбек Сыдықбеков, Ауған соғысы ардагерлері Дуан Умаров, Радион Юн және бірқатар БАҚ өкілдері жиналды.

Бұған қоса, кітапхана өзіндегі соғыс туралы әдебиеттерден арнайы «Жеңіске 80 жыл» мүйісін жасап, тарихи тақырыптың маңызын айшықтай түскен. Әрі атаулы күн қарсаңында кітапханаға келушілерге қажетті ақпаратты қолжетімді еткен.

Ұлы Жеңіске арналған іс-шара патриоттық әндермен әспеттеліп, соғыс тақырыбындағы сауалнамалармен көр-

кемделді. Келушілер соғыс тарихынан қаншалықты хабардар екенін көрсетіп, дұрыс жауап бергендер сыйлыққа кітаптар ұтып алды. Кездесуге келген қонақтардың барлығы да сөз алып, тарихи әңгімелер айтып, естеліктерімен бөлісті.

Аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Б.Қабылов Ұлы Отан соғысының біздің республикаға тигізген зардабының қаншалықты ауыр болғанын айтып, енді ондай зұлматтың қайталанбауын тіледі. Даманск соғысының ардагері О.Сыдықбеков Кеңес Одағы тарихында Ұлы отан соғысынан өзге бірнеше қақтығыстар болғанын келтіріп, Отан қорғаудағы перзенттік, азаматтық парыздың маңыздылығын тілге тиек етті. Ауған соғысы ардагерлері Д.Умаров пен Р.Юн де Кеңес Одағы араласқан соңғы соғыстардың бірі – Ауған соғысы жайында әңгімеледі, сол соғыста Қазақстан жауынгерлерінің ерекше ерліктерін келтірді. Кездесуге қатысушылар қазақ жеріндегі бүгінгі бейбіт өмірдің ешқашан бұзылмауын тілеп тарқасты.

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмайды

Екінші дүниежүзілік соғыстың біздің тарихымызға қатысы бар бөлігі

Ұлы Отан соғысы деп аталғаны мәлім. Сол бір зұлмат соғыстағы Жеңіске биыл – 80 жыл. Сол кезеңде 15 одақтас республикалардың бірі – Қазақ КСР-нан соғысқа 1 млн 200 мыңнан астам адам алынып, оның жартысынан астамы майданнан оралмаған еді. Соғысқа аттанғандар ел халқының үштен бірін құрады.

Сол сұрапыл соғыста біздің республикадан 500-ден астам Кеңес Одағының Батыры (оның төртеуі екі мәрте) шыққан. Кеңес Одағының Батыры атанып, қаза болған қос шынар – Мәншүк Мәметова мен Әлия Молдағұлова тарихта мәңгі қалды. Ал қазақ қыздарынан шыққан тұңғыш ұшқыш, Халық қаһарманы Хиуаз Доспанова болса, ел

тәуелсіздігінен кейін мойындалып, тарих беттеріне жазылды.

Бұдан өзге, Қазақ КСР-і Ұлы Отан соғысы кезінде «Тыл майданы» атанып, Ресей, Украинадағы зауыт-фабрикалар көшіріліп, Мәскеудегі ғылыми, мәдени ошақтар («Мосфильм», КСРО Ғылым академиясы, театр, кітапханалар) эвакуацияланды. Бұдан өзге, кенді Қазақстанда жауға атылған әр он оқтың тоғыз қүйылып, қазақ елі майданды мол азық-түлікпен қамтамасыз етті. Осы және өзге де деректер ешқашан ұмытылмақ емес.

Бүгінгі іс-шараның мақсаты да тарих беттерін қайта парақтап, бүгінгі ұрпақты хабардар етіп, оларға осы үлгіде патриоттық тәрбие беру болды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Әлия ІҢКӘРБЕК,
Алматы қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі
№4 кітапхана-бөлімшесінің жетекшісі:

Ерлік – елге мұра, ұрпаққа – ұран!

Тарихы 1950 жылдардан бастау алатын біздің кітапхана мегаполистің орталығында орналасып, мінеки, 75 жыл көлемінде оқырман игілігіне қызмет етіп келеді.

Алпыс мыңнан астам кітап қоры, мыңдаған оқырманы бар кітапхана осындай іс-шараларды жиі өткізіп тұрады. Біз Ардагерлер кеңесімен, орта және жоғары оқу орындарымен, өзге де ұйымдармен тығыз байланыстамыз. Бүгінгі іс-шара да Ұлы Жеңістің 80 жылдығы аясында мәдени-патриоттық іс-шара ретінде ұйымдастырылды. Ерлік – елге мұра, ұрпаққа – ұран!

ТАҒЗЫМ

АНТҚА АДАЛДЫҚ

Алматыда қаза тапқан сарбаздарға ескерткіш-тақта ашылды

Осыдан 30 жыл бұрын тәжік-ауған шекарасында ҚР Ішкі істер министрлігі Ішкі әскерінің 17 жауынгері ерлікпен қаза тапқан еді. Сол бір суыт кезеңде тәжік-ауған шекарасында қызмет бабында оққа ұшқан сарбаздарымызға Алматы қаласындағы 3650 әскери бөлімінің аумағында ескерткіш-тақта ашылды.



Нұржамал
ӘЛІШ

Жиынға Ұлттық ұланның «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының және 3650 әскери бөлімінің басшылығы, сол бір тарихи миссияға қатысқан арда-



герлер, жергілікті атқарушы билік өкілдері, оқушылар мен әскери бөлімнің жеке құрамы қатысты.

Іс-шарада ескерткішке гүл шоқтары қойылды, қатысушылар бір минут үнсіздікпен боздақтар рухына тағзым етті. Әскери оркестрдің орындауында Мемлекеттік Гимн шырқалды. Жиналған қауым алдында Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының қолбасшысы, генерал-майор Талапкер Әміреевтің атынан ардагерлерге алғыс сөз оқылып, ерлік пен елдік туралы естеліктер айтылды.

– Біздің буынның өз миссиясы болды. Біз антымызға адал болдық. Жауынгерлік тапсырмаларды орындау кезінде қарулас жолдастарымыз көз жұмды. Олардың ерлігі ешқашан ұмытылмауы тиіс. Рухты азаматтардың ерлігі кейінгі жастарға үлгі болары сөзсіз, – дейді қанды шайқастың куәгері Жанат Несіпов сол күндерді еске алып.



ҰЛТТЫҚ ЖОБА

Тұтыну мәдениеті:

ҮНЕМДЕГЕНГЕ – ЖЕҢІЛДІК

Алматыда су мен жылу үшін жаңа тариф жүйесі енгізілуде

Мегаполисте су мен жылу үшін төлем жүйесі өзгереді. Енді кім аз тұтынса – аз төлейді, ал көп тұтынғандар үшін тариф жоғары болады.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Қалада су мен жылуды тұтыну мәдениетін арттыру үшін жаңа жүйе енгізілуде. Енді ресурстарды көп тұтынғандарға тариф те қымбат болады. Мамандардың айтуынша, бұл жүйе инженерлік инфрақұрылымды жаңғыртуға және аз қамтылған отбасыларға қолдау көрсетуге бағытталмақ.

Иә, Алматының өсіп келе жатқан инфрақұрылымдық қажеттіліктерін ескерер болсақ, бүгінде коммуналдық ресурстарды үнемді пайдалану – өзекті мәселеге айналғаны рас. ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті бөлімінің басшысы Ардақ Жаңабаеваның айтуынша, тұтынудың әлеуметтік нормаларын енгізу бойынша жаңа жүйе тұтынушыларды ресурсты үнемдеуге ынталандырады. Бұл туралы спикер өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз конференциясында айтты: «Су ресурстарын тұтыну мәдениетін арттыру және тұтынушыларды үнемдеуге ынталандыру үшін табиғи монополиялар туралы заңнамаға «тұтынудың әлеуметтік нормалары» ұғымы енгізілді. Олар «неғұрлым көп үнемдесеңіз, соғұрлым аз төлейсіз» қағидаты бойынша тарифті белгілейді», – деді спикер.

Демек, жаңа жүйе бойынша кім аз тұтынса – аз төлейді, ал көп пайдаланғандар үшін тариф қымбаттайды. Бұл тұрғындарды үнемшіл болуға үйрету үшін жасалып отыр.

Айта кеткен жөн, үнемдеуден түскен қосымша қаражат тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңарту ісіне, нақтырақ айтқанда, инженерлік желілерді жаңартуға, есептеу құрылғыларын орнатуға және ресурс үнемдейтін технологияларды енгізуге жұмсалады.

Спикердің айтуынша, қазіргі уақытта «Алматы Су» (3,3 млрд теңгеге) және «Алматы жылу жүйесі» (83 млн теңгеге) мекемелері бойынша инвестициялық бағдарламаларды өзгертуге өтініштер қаралуда.

– Бұл шаралар инфрақұрылымды дамытып қана қоймай, тұрғын үй көмегі есебінен аз қамтылған отбасыларды атаулы түрде қолдауға мүмкіндік береді», – деп атап өтті А.Жаңабаева.

2025 жылға Алматы қаласының инженерлік инфрақұрылымын жаңғыртуға

Алматы қаласында «тарифті инвестицияларға айырбастау» бағдарламасын іске асыру шеңберінде жылу-су және электрмен жабдықтауды жаңғырту бойынша атқарылған жұмыстар

2024 ЖЫЛҒЫ АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР:



2025 ЖЫЛҒЫ ЖОСПАРЛАР:



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

43 672,1 млн теңге көлемінде инвестиция қарастырылған. Қаражат қаланың инженерлік инфрақұрылымын жақсартуға бағытталады: 24 065 млн теңге – 114 шақырым электр желісін жаңарту мен жаңа жабдық алуға; 19,607,1 млн теңге – 55,9 шақырым су құбырын салу мен жаңартуға жұмсалады. Бұл шаралар тек инфрақұрылымды жақсартуға емес, сонымен қатар аз қамтылған тұрғындарға нақты көмек көрсетуге де бағытталған.

Табысты нәтижелер

Алматы қаласында «Тарифті инвестицияларға айырбастау» бағдарламасын іске асыру шеңберінде жылу-су және электрмен жабдықтауды жаңғырту бойынша ауыз толтырып айтар жақсы жаңалықтар көп. Бұл бағытта атқарылып жатқан ауқымды жұмыстар жетерлік. Мәселен, 2024 жылы 20,5 км жылумен жабдықтау желілері, 44,4 км сумен жабдықтау желілері, 5,5 км су бұру желілері, 120 км астам электрмен жабдықтау желілері жаңартылды.

Сонымен қатар, 2025 жылы қосымша «Тарифті инвестицияларға айырбастау» бағдарламасы шеңберінде 28,1 км жылумен жабдықтау желілерін жаңғырту және 21 қазандықты, сондай-ақ Ұлттық жобаны іске асыру есебінен 114 км электрмен жабдықтау желілерін және 55,9 км сумен жабдықтау желілерін реконструкциялау

жоспарлануда. Бұл шаралар инфрақұрылымның тозуын азайтуға бағытталған. Осылайша Алматы қаласында қол жеткізілген табысты нәтижелер коммуналдық және энергетикалық секторларды жаңғырту жөніндегі жалпыұлттық күш-жігердің бір бөлігі болып табылады және бұл жұмыстарды одан әрі кеңейту жөніндегі жоспарлар таяу жылдарға көзделген.

Табиғи байлық шексіз емес

Су мен жылудың адам өміріндегі орны ерекше. Бұл табиғи ресурстар күнделікті өміріміздің бөлінбес бөлігі ғана емес, сонымен қатар денсаулық пен жайлы тұрмыстың кепілі екені де сөзсіз. Өйткені, су мен жылуға деген қажеттілік өмір бойы сақталады. Сондықтан оларды үнемдеп, ұқыпты пайдалану – әрбір адамның ортақ жауапкершілігі.

Табиғи байлық шексіз емес, сондықтан оны бүгінгі ғана емес, болашақ ұрпақ үшін де сақтап, тиімді пайдалану – уақыт талабы. Осыған орай, Алматыда су мен жылу тұтыну ережелері өзгеріп жатыр: үнемдегенге – жеңілдік, ысырап еткенге – қымбат тариф. Бұл да дұрыс шығар...

Алматы қаласындағы инфрақұрылымдық жаңғырту жобалары – бұл еліміздің энергия және коммуналдық секторларын дамытуға бағытталған стратегиялық қадам. Жаңа технологияларды енгізу, ескірген желілерді жаңарту және ресурстарды

үнемдеу – тұрғындардың өмір сапасын арттырудағы негізгі факторлар. Біз тарифті өзгертудегі мақсат – су мен жылу сияқты негізгі қызметтерді барынша тиімді әрі үнемді ету, сондай-ақ коммуналдық қызметтердің сенімділігін қамтамасыз ету деп түсіндік. Сондықтан жобаның нәтижесі алматылықтардың жоғары сапалы және тұрақты қызметтер алуына сеп болады деп сенеміз...

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**Ардақ
ЖАҢАБАЕВА,
ҚР Ұлттық
экономика
министрлігі
Табиғи
монополия-
ларды реттеу
комитетінің
Алматы
қаласы
бойынша
департаменті бөлімінің
басшысы:**



Жүйелі реформалардың жарқын үлгісі

Энергетика және коммуналдық секторларды жаңғырту – бұл тек инфрақұрылымды жақсарту ғана емес, сонымен қатар азаматтардың өмір сүру сапасын арттыру жолындағы маңызды қадам. Алматыда жүзеге асырылып жатқан ауқымды жобалар – бұл бүкіл ел бойынша қолға алынған жүйелі реформалардың жарқын үлгісі. Тозған желілерді жаңарту, жаңа технологияларды енгізу және ресурстарды тиімді пайдалану арқылы біз тек бүгінгі емес, болашақ ұрпақтың да мүддесін қорғауға тырысамыз.

Бұл – әр отбасының өміріне әсер ететін нақты өзгерістер. Сондықтан біз коммуналдық қызметтерді сенімді, үнемді әрі қолжетімді етуге бағытталған жұмыстарды жалғастыра береміз.

Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Су үшін тарифтер төрт деңгейге бөлінеді:



Жылу үшін төлем тұрғын үйдің көлеміне байланысты:





● ҒҰМАР ҚАРАШ – 150

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

өміршеңдігін жоғалтпақ емес



Алматыдағы А.П.Чехов атындағы Орталық қалалық кітапханада ақын, көрнекті Алаш қайраткері Ғұмар Қараштың туғанына 150 жыл толуына орай оның шығармашылығы мен ағартушылық жолын тарқатқан танымдық кездесу өтті.

«Дөңгелек үстел» басында өрбіген әңгімеде әдебиетші-ғалым, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Мақсат Тәжімұрат, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Философия кафедрасының доценті, философия ғылымының докторы Берік Аташ, шығыстанушы, ҚР Ұлттық кітапханасының қызметкері Гүлшат Мәсәлімқызы, Абай атындағы ҚазҰПУ-дің PhD докторанты Ертай Біләл Ғұмар Қараш туралы тың деректерді бөлісіп, оның қоғамдық-саяси қызметі, философиялық көзқарасы жайында тарқатты.

Ақын, ағартушы Батыс Қазақстан облысында дүниеге келген. Жастайынан жетім қалып, туыстарының қолында өсіп, ауыл молдасынан сауат ашқан. Кейіннен Уфа қаласындағы жоғары діни білім беретін медреседе оқыған. Кейбір деректерде Стамбулда оқып білім



алғаны айтылады. Татар, орыс, араб, парсы тілдерін жетік меңгерген.

Ол өлең-толғауларында, танымдық мақалаларында заман келбеті, дін-шариғат, табиғат, махаббат, тағы басқа тақырыптарды арқау еткен. Патша үкіметінің отарлау саясатын, жергілікті әкімдердің екіжүзділігін сынап, шенділерді халыққа адал қызмет етуге шақырған. Жастарға ғылым, білімге ұмтылуды, мәдениетті елдерден үлгі алуды насихаттаған. Бала оқытқан. «Қазақстан» газетінің жұмысына атсалысқан. «Бала тұлпар», «Қарлығаш», «Тумыш», «Аға тұлпар», «Тұрымтай» деп аталатын поэзиялық, «Ойға келген пікірлерім», «Өрнек», «Бәдел қажы» дейтін зерттеу кітаптары жарық көрген.

Жастармен кездесуде Берік Аташ Ғұмар Қараштың жаңашыл реформатор, ағартушы болғанын, сопылық жолды ұстанғанымен, дінге басыбайлы беріліп кетпеді, фанатизмге бой алдырмауды насихаттағанын атап өтті. Ал Ертай Біләл оның жиырмасыншы ғасыр басында менеджерлік қызмет атқарып, қазақ тарихындағы тұңғыш педагогикалық «Мұғалім» деген журналға жетекшілік етіп, сонда жарияланған белгілі «Педагогика» деген еңбегінің көтерген жүгі туралы әңгімелеп берді. Ғұмар Қараш 1921 жылы қарақшылар қолынан қаза тапқан.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Гүлшат МӘСӘЛІМҚЫЗЫ, шығыстанушы, ҚР Ұлттық кітапханасы Сирек кітаптар мен қолжазбалар бөлімінің жетекшісі:

Жас ұрпаққа бағдар болар жазбалар

Жастарға түсінікті болсын, еліміз бойынша қазақтың бұрынғы тарихын, мұраларын сақтап отырған екі кітапхана бар. Оның бірі – Қазақстан Ұлттық кітапханасының сирек қоры, екіншісі – Ғылым ордасының сирек қоры. Ғылым ордасының сирек қорында жүз елу мыңға тарта, ал Ұлттық кітапхананың сирек қорында қырық мыңға жуық мұрамыз жатыр.

Кеңес өкіметі кезінде осы Ғұмар Қараш секілді тұлғаларымыздың осындай мұраларын репрессиядан аман алып қалу үшін сирек қорда еңбек еткен апаларымыз оларды көздің қарашығындай сақтап отырған. Сөйтіп, бүгінгі күнге жетіп отыр. Өкінішке орай, Ғұмар Қараштың қолжаз-

басын осы екі кітапхананың да қорынан кездестірмедік. Бірақ ол кісінің кітаптары, мақалалары сақталған. Мәселен, біздің Ұлттық кітапхананың сирек қорында «Ойға келген пікірлерім» кітабының 1910 жылы шыққан нұсқасы бар.

Содан кейін «Аға тұлпар», «Бала тұлпар» еңбектері бар. Бір жылдары елімізде «Мәдени мұра» деген үлкен бағдарлама болды. Сол бағдарлама шеңберінде осы екі туындының электронды көшірмесін Ұлттық кітапхана қызметкерлері Ресей кітапханаларынан алдырған екен. Бұл еңбектер – жас ұрпаққа бағдар болар жазбалар, құнды жәдігерлер. Мұндай еңбектер өміршеңдігін жоғалтпақ емес.



● АЛМАТЫ МУЗЕЙІ

Тарихтан тәбәрік: ОТЫРАР ЖӘДІГЕРЛЕРІ

мәдениет пен өнердің, ынтымақ пен бірліктің сарқылмас көзі

Алматы музейінде әлем таныған ғұлама ғалым әл-Фарабидің 1155 жылдығы және «Отырар» мемлекеттік археологиялық музей-қорығының 45 жылдығына орай «Ұлы Жібек жолы бойындағы Отырар: ғылым мен мәдениеттің сабақтастығы» тақырыбында көрме ашылды.

Онда Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейінің қорынан алынған Отырар алқабындағы қалалық мәдениет, егіншілік, сауда, өндіріске қатысты 200-ден астам жәдігер қойылған.

Аталған көрмеден Алматы тұрғындары мен қонақтарына ортағасырлық қалалардың мәдениетін тереңірек танып-білуге, ықылым заманнан мәдениет пен өнердің, ынтымақ пен бірліктің сарқылмас көзі болып келе жатқан Отырар қаласының мәдениетімен танысуға, Отырар алқабының 202 тарихи және мәдениет ескерткіштерімен жақын танысуға болады. Яғни Отырартебе, Құйрықтабе, Алтынтебе, Пышақшытебе, Көк-Мардан, Күйік-Мардан, Жалпақтабе, Қоңыртебе, Оқсыз секілді қалажұрттар, сауда-қолөнер орталықтары, Арыстанбаб, Найман әулие және т.б. қорым-зирааттары, архитектуралық ескерткіштер сынды жәдігерлерді тамашалай аласыздар.

Көрме 1 ай бойы жалғасады.

● КӨРМЕ



«TANIR NURY» таңғажайып жұмбаққа толы әлем

Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінде суретші Рафаэль Слекеновтің «TANIR NURY» атты көрмесі ашылды. Оған өнер өкілінің 90-ға жуық кескіндемелік туындысы қойылған.

Рафаэльдің туындыларында көкшіл түс ерекше орын алады. Ол дәстүрлі түсінік бойынша – Тәңірдің көк аспанмен байланысуы, түркі халықтарының наным-сенімінде маңызды және құрметті болып саналады. Сондықтан да көрме «TANIR NURY» деп аталған.

– Рафаэль Слекеновтің картиналары балалық шақ туралы естеліктер мен адамзат пен нәзік табиғат, қоршаған әлем арасындағы үнсіз байланысты көрсете отырып сыр шертеді. Автордың туындыларындағы жан сарайының көрінісі бір өзгеше сұлу да сырлы, таңғажайып жұмбаққа толы «үй әлемін» құрайтындай. Автор үшін бұл жұмбақ мекен үйі – қорғаны, құтқарушы орны, өмірінің жылуы мен жайлылығының көрінісі секілді. Автор дәл осы үйде, қарапайым тұрмыста, адамдардың рухани еңбегі мен табиғаттың жасыл шұғыласында адам болмысының поэзиясын көреді, – дейді көрме жетекшісі Лаура Әбілдаева.

Рафаэль Слекенов Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, Көркемсурет академиясының корреспондент-мүшесі. «Тарлан» сыйлығының иегері. 2000 жылы «Жігер» халықаралық фестивалінің III орын, 2001 жылы 4-ші Халықаралық «Шабыт» шығармашыл жастар фестивалінің I орын иегері. 2008 жылы Польша Мәдениет министрлігінің шәкірт-ақысына ие болған. 2010 жылдан бастап Стокгольмдегі «Mirga Art Group» суретшілер халықаралық қауымдастығының мүшесі.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛІШ.



БІЗДІҢ МАҚТАНЫШЫМЫЗ

МИХАИЛ ШАЙДОРОВ ЕЛГЕ ОРАЛДЫ

Әлем чемпионатының күміс жүлдегері АҚШ-тан Алматыға ұшып келді.

Бостонда өткен әлем чемпионатында күміс медаль жеңіп, еркін бағдарлама мен жалпы ұпай саны бойынша жеке рекордын орнатқан біздің қаланың тумасы, қазақстандық мәнерлеп сырғанаушы Михаил Шайдоров елге оралды. Алматы халықаралық әуежайында спортшыны қала әкімдігінің өкілдері, туған туыстары мен жанкүйерлері салтанатты түрде қарсы алды.

– Жарысқа АҚШ-та дайындалдым. Бұл маусым соңы болғандықтан қиындықтар да болды. Барынша ойымды жинақтап, осы жарыс маусымы ішінде үйренгенімді көрсеткім келді. Мұз айдынында 20 мыңнан астам адам болды, сондықтан іштей қобалжығанымды жасырмаймын. Оған қоса, бұл турнирде Олимпиадаға жолдама берілетіндіктен, қысқа бағдарламаны жақсы көрсету қажет болды.

Әрі сол сәтті пайдаланып, көрермендерге әдемі өнер көрсеткім келді және бұл менің қолымнан келді. Мен өте қуаныштымын, – деді Михаил Шайдоров. Алматының мақтанышы сөзінде өзінің жерлесі, марқұм Денис Теннен айрықша шабыт алғанын да айтып өтті.

Айта кеткен жөн, Михаил Шайдоров АҚШ-тың Бостон қаласында өткен әлем чемпионатында сенімді өнер көрсетіп, қысқа және еркін бағдарламаларда жоғары деңгейде сырғанаумен көзге түсті. Жалпы, 287.47 ұпай жинаған отандасымыз әлем біріншілігінде екінші болды. Америкалық Илья Малинин 318,56 ұпаймен алтын алса, жапондық Юма Кагияма 278,19 ұпаймен үздік үштікті түйіндеді. Михаил Шайдоровтың жүлдесі – Қазақстан мәнерлеп сырғанау тарихындағы үшінші медаль. Енді ол ресми түрде Олимпиада жолдамасына ие болып, Миланда Қазақстан намысын қорғайтын болады.

АКАДЕМИЯ

«АТЛЕТИКО» АЛМАТЫҒА КЕЛЕДІ

QJ League, яғни Қазақстан жасөспірімдер лигасының үздік ойыншылары осы жылдың 23 тамызында әлемдік футболдағы ең үздік академиялардың бірі – мадридтік «Атлетиконың» тәрбиеленушілерімен кездеседі.

Матч Қазақстанның оңтүстік астанасы – Алматы қаласында өтеді. Ойын ұйымдастырушыларының мәліметінше, жанкүйерлерге матч алдында және үзіліс кезінде қызықты шоу-бағдарлама мен түрлі ойын-сауық шаралары ұсынылады.

Қазақстан жасөспірімдер лигасының президенті Рохус Шох бұл ойын жас спортшылар үшін үлкен тәжірибе болатынын атап өтті. Оның айтуынша, айтылған кездесу QJ League мен испаниялық «Атлетико Мадрид» клубы арасындағы халықаралық ынтымақтастықтың дамуына үлес қосады.

– Мадридтік «Атлетико» секілді қарсыласпен кездесудің өзі – біздің жігіттер үшін үлкен мереке. Бұл – өз мүмкіндіктерін сынап көруге, көпшілік алдында өздерін көрсетуге тамаша мүмкіндік. Мадрид клубындағы әріптестерімізге ынтымақтастық үшін

алғысымды білдіремін – олардың тәрбиеленушілері де Қазақстанға сапар барысында ерекше әрі тың әсер алып қайтады деп сенемін. Мұндай халықаралық тәжірибе алмасу екі тарапқа да пайдасын тигізері анық», – деді Рохус Шох.

Айта кеткен жөн, Freedom QJ League Қазақстандағы кәсіби футбол клубтарының жастар командалары арасында жарыстарды өткізеді. QJ League жеңімпазы УЕФА жастар лигасында Қазақстан атынан қатысу құқығына ие болады.

2023 жылы чемпионаттың алғашқы маусымына U-18 жас санатындағы ойыншылардан құралған еліміздің 12 командасы қатысып, өзара кіл мықтыны анықтады. 2024 жылы лигаға U-18 жас санаты және U-17 жас санаты бойынша еліміздің 18 аймағынан екі жас санаты бойынша 32 команда қатысты. 2025 жылы жоба аясында республикамыздың барлық облыстарын қамту

жоспарланған. Сондай-ақ, биыл қыздар лигасын іске қосу жоспарда бар.

– Қазіргі таңда Freedom QJ League балалар футболын дамыту үшін жан-жақты жағдай жасады. Мұнда тек жарыстар өткізіліп қана қоймай, дайындық әдістемелері жасалып, жаттықтырушылардың біліктілігін арттыруға көмектесіп, ғылыми тәсілдер мен цифрлық технологиялар, мысалы, жасанды интеллектпен жабдықталған камералар енгізілуде. Мұның бәрі балалар футболының дамуына зор үлес қосуда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Ұлттық құрылтай аясында кәсіби футболды дамытудың маңыздылығын және оны қаржыландыру тек мемлекет тарапынан емес, сонымен қатар клубтар да балалар мен жасөспірімдер спортына, бұқаралық спортқа басымдық беруі тиіс екенін атап өтті. Спортшылардың дамуы үшін жеке инвестициялардың да маңызы зор, – деді Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосынов QJ League басшылығы және командасымен өткен кездесуде.

ФУТБОЛ

ДАСТАН СӘТПАЕВ – ҮЗДІК ОЙЫНШЫ

Қазақстан Премьер-лигасында алматылық спортшының жұлдызы жанып тұр.

Бір ай бұрын басталған ел біріншілігінің қазіргі уақытта 4 туры өтті. Алматылық «Қайрат» алғашқы ойындардың нәтижесі бойынша бірінші орынды «Ақтөбемен» бірге бөлісіп тұр. Екі команда да 10 ұпай иеленген, өткізген және соққан голдарының ұпайы бойынша да тең. Доп айырмашылығы бойынша алдыңғы екеуіне қарағанда нәтижесі нашарлау «Астана» 10 ұпаймен 3-орында. Одан кейін 8 ұпаймен «Тобыл» және 7 ұпаймен «Елімай». Ал «Қызылжар», «Қайсар», «Ордабасы» және «Ұлытау» 2 ұпаймен турнирлік кестенің түбіне жайғасты.

«Қайрат» жаңа маусым басынан бері жеңіліп көрмеді – 3 жеңіс және 1 тең ойын. Бұл нәтижеге биыл бірінші команданың сапына қосылған Дастан Сәтпаевтың да үлесі зор. Ол 4 ойында 3 гол соғып, чемпионаттың үздік сұрмергендері тізімінде Айбар Жақсылықов («Қайсар») және Гиорги Зариаман («Қайрат») бірге 2-4-орында тұр, олар да 3 доптың авторы атанған. 4 ойында 4 гол соққан астаналық Марин Томасов тізімді бастап тұр. Жалпы, Сәтпаев үшін бұл маусым ерекше басталды. Ол өткен жылы 15 жасында негізгі командада дебют жасап, «Қайрат» тарихындағы ең жас ойыншы атанса да, бірінші команда сапына осы жылы толықтай ауысты. Сәтпаев жаңа маусымға дайындық кезінде негізгі құраммен бірге барлық оқу-жаттығуларға қатысты. Ал «Қайраттың» ақпан айында 16 жастағы футболшыны Англияның «Челси» клубы



сатып алғанын хабарлады. Айта кеткен жөн, ол 2026 жылы жазда кәметке толған соң ағылшын клубына ресми түрде қосылады. Ол уақытқа дейін Сәтпаев «Қайрат» сапында өнер көрсетеді.

Маусымашар ойын – Қазақстан суперкубогының иегері анықталатын «Қайрат» – «Ақтөбе» кездесуінде Дастан 69-минутта алаңға шықты. Бұл ойында ол көзге түспегенімен, алматылықтар 2:0 есебімен жеңіске жетті. Ал Қазақстан Премьер-лигасының алғашқы матчында Сәтпаев бірден топ жарды. Ол алаң қожайыны болған «Астанаға» гол соғып, командасына бір ұпай сыйлады. Матч 1:1 есебімен аяқталды. Сондай-ақ, футболшы ел біріншілігінің тарихын-

дағы ең жас екінші гол авторы (16 жас, 6 ай, 18 күн) атанды. Рекорд Абзал Бейсебековқа тиесілі – 16 жас, 5 ай, 10 күн.

Одан кейін «Ордабасы» мен «Тұранға» қарсы ойындарда гол авторы атанбаса да, команда-сының жеңіске жетуіне көмектесті. Ал 1:4 есебімен аяқталған «Атырауға» қарсы ойында Сәтпаев қара-сарылардың сапында екі гол соғып, матчтың үздік ойыншысы атанды. Маусым басындағы сенімді ойын қазақ ойыншының болашағы жарқын боларына сенім береді. Алматылық жанкүйерлер және қазақ футболының қолдаушылары Дастанның жұлдызы жарқ етіп, сөніп қалмай, ұзақ жануын тілейді.

ФРИСТАЙЛ-АКРОБАТИКА

ТАРИХИ ЖЕҢІС

Ел құрамасының екпіні қандай?

Фристайл-акробатикадан Қазақстан құрамасы осы жарыс маусымындағы халықаралық жарыстарда жоғары нәтиже көрсетіп, тарихи жеңістерге қол жеткізді.

Биыл 7–11 қаңтар аралығында Алматыда фристайлдан жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионаты өтті. Қазақстан құрамасы сәтті өнер көрсетіп, могул мен шаңғы акробатикасында бірнеше медаль жеңіп алды. Атап айтқанда, 13 елден 110 спортшы қатысқан жандық додада Анастасия Городок фристайл-могулдан жекелей сында күміс, параллель могулда алтын алды. Ал акробатикада Дінмұхаммед Райымқұлов осы спорт түрінен жасөспірімдер арасында алтын медаль жеңіп, тарихи нәтижеге қол жеткізді.

Одан кейін фристайл-акробатикадан отандастарымыздың жұлдызы жанған жарыс – Қытайдың Харбин қаласында өткен Азия ойындары болды. Жарыс алдында команда Алматының «Шымбұлақ» тау-шаңғы курортында оқу-жаттығу жиындарын өткізді.

Азиадада бақ сынаған жерлес-

теріміз осы спорт түрінен төрт жүлде жеңіп алды. Шерзод Хаширбаев пен Роман Иванов жарыс фавориттері Қытайды артта қалдырып, ерлер арасындағы синхронды секіруде 1-орын алды. Бұл жеңіс – ел тарихындағы фристайл-акробатикадан Азия ойындарындағы алғашқы алтын медаль болды. Ал Аяна Жолдас үш мәрте жеңіс тұғырына көтерілді. Ол жекелей жарыста және Ардана Махановамен бірге синхронды секіруде үшінші, ал командалық есепте күміс жүлдеге ие болды. Командалық жарыста Шерзод Хаширбаев пен Асан Асылхан да күміс жүлде тақты.

Өкінішке қарай, Азия ойындарындағы жетістіктен кейін жеңісті жолды жалғастыруға мүмкіндік болмады. Маусымның қалған халықаралық жарыстарында түрлі себептерге байланысты Қазақстан командасы жүлдеге іліге алмады. Сонымен қатар, құрама көшбасшыларының бірі – Жанбота Алдабергенова спорттық мансабын аяқтағанын жариялады. Ол үш Олимпиада ойындарына, сегіз әлем чемпионатына қатысып, әртүрлі жарыста 14 алтын медаль жеңіп алды.

Әзірлеген Досбол АТАЖАН.

ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 9 сәуірдегі №2/262-544 қаулысы

Алматы қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 13 ақпандағы №1/1-210 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:
1. Алматы қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 13 ақпандағы №1/1-210 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:
Аталған қаулының 1 тармағы келесі редакцияда мазмұндалсын:
«1. Ұлттық қауіпсіздік мұқтаждары үшін «Ле Монлид Қазақстан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Алматы қаласы, Медеу ауданы, Құлжа тас жолы, 22/4 учаске мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-315-061-342), ауданы 6,5505 га жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.».
2. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 9 сәуірдегі №2/262-549 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, Алматы қаласы Медеу ауданы әкімінің 2025 жылғы 4 сәуірдегі № 26.1-26.06/624-И хатының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:
1. Елді мекендердің ортақ пайдалануындағы объектілердің құрылысы (саябақ) үшін «DKS Development» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Алматы қаласы, Медеу ауданы, Керей-Жәнібек хандар көшесі, 390 учаске мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-315-905-250), жалпы ауданы – 57,9363 га жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2026 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.
3. Меншік иесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 602-кеңсе болып белгіленсін.
4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қала Жер орталығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иесін хабардар етсін;
6. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:
1) заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскесінің меншік иесіне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
2) мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін «Алматы қаласы Медеу ауданы әкімдігі аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің тегеріміне берсін;
3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
7. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі Е.ДОСАЕВ

ТАЛАПКЕР – 2025

НЕГІЗГІ ӨТІНІШТЕР ҚАБЫЛДАУ 12 сәуірде басталады

Негізгі ҰБТ-ға өтініштерді қабылдау 12–25 сәуір аралығында жүзеге асырылады, оның ішінде 12–18 сәуір аралығында бір рет өтініш беруге, 19–25 сәуір аралығында бір немесе екі рет өтініш беруге болады. Тестілеудің өзі 16 мамырда басталып, 5 шілдеге дейін жалғасады. Талапкерлер негізгі ҰБТ-ны екі рет тапсырып, ең үздік нәтижемен грант конкурсына қатыса алады, деп хабарлайды ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі.



ҰБТ-ға қатысу үшін Ұлттық тестілеу орталығының <http://app.testcenter.kz> сайты немесе [UTO.kz](http://uto.kz) қосымшасы арқылы өтініш беруге болады. Талапкерлер тестілеу күнін, уақытын және пунктін өздері таңдайды. Бұл ретте олар екі мүмкіндік үшін бейіндік пәндердің бір ғана комбинациясын белгілейді.

Талапкерлердің негізгі ҰБТ-ға дайындығын жақсарту мақсатында енгізілген әр пән бойынша жеке тақырыптық талдау бар. Яғни әр ҰБТ-дан кейін (қаңтар, наурыз) түлектерге жеке тақырыптық талдау бойынша білімдерін арттыру ұсынылады.

Сонымен қатар, бірінші мүмкіндікті тапсырғаннан кейін олар екінші мүмкіндікке дейін дайындықтарын жақсарт алады. Одан бөлек, онлайн байқау сынақтары іске қосылған. Оқу жылының басында ҰТО сайтында тест тапсырмалары құрастырылған оқулықтар тізімі мен тест жоспары; «Қазақстан тарихы» және «Дүние жүзі тарихы» пәндері бойынша 100 тарихи дата тізімі; «Информатика» пәнінен терминдер тізімі; «Қазақ әдебиеті» және «Орыс әдебиеті» бойынша әдеби шығармалар тізімі жарияланды.

► **ҰБТ-дағы пәндердің саны өзгеріссіз қалады, яғни үшеуі міндетті және екеуі таңдау бойынша. ҰБТ тапсырмалар саны – 120. Оның ішінде «Қазақстан тарихынан» 20 тапсырма, «Оқу сауаттылығынан» 10 тапсырма, «Математикалық сауаттылықтан» 10 тапсырма және екі бейіндік пән бойынша 40 тапсырмадан. Жоғары балл – 140.**

► **Тестілеу уақыты – 4 сағат (240 минут). Бұл ретте ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін ұсынылатын қосымша 40 минут уақыт сақталады.**

Академиялық адалдықты қамтамасыз ету мақсатында ҰБТ-ға қатысушы

әр адам жеке жасалған тест нұсқасын алады. Емтихан кезінде тестілеу бағдарламасында калькулятор, химиялық элементтердің периодтық жүйесі және туздардың ерігіштік кестесі қолжетімді болады. Сонымен қатар, талапкерлерге ыңғайлы болу үшін кестелердің қағаз нұсқалары да беріледі.

Апелляцияны тестілеу аяқталғаннан кейін 30 минут ішінде беруге болады. Сертификат апелляция қаралғаннан кейін тестіленушінің жеке кабинетінде қолжетімді болады.

► **Шекті балдар өзгеріссіз қалды: «Құқық» және «Педагогикалық ғылымдар» бағыттарына түсу үшін кемінде 75 балл, «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)» үшін кемінде 70 балл жинау қажет; ұлттық ЖОО-на түсу үшін кемінде 65 балл, басқа ЖОО-на түсу үшін кемінде 50 балл жинау қажет.**

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету және бұзушылықтардың алдын алу мақсатында тестілеуге кіре берісте тыйым салынған заттарды, мысалы, телефондарды, шпаргалкаларды және т.б. алып кіруге жол бермеу үшін қол және рамалық металл іздегіштер қолданылады.

Тестілеу аудиторияларында рұқсат етілген магниттік толқындар шегінде мобильді және радиоэлектронды байланыс сигналдарын басатын құрылғылар пайдаланылады, сондай-ақ бейнебақылау жүргізіледі.

► **2025 жылғы ҰБТ аяқталғаннан кейін күнтізбелік жылдың 31 қазанына дейін бейнежазбаларға талдау жүргізіледі. Тыйым салынған заттарды пайдалану немесе басқа да ережелерді бұзу фактілері анықталған жағдайда, талапкердің ҰБТ нәтижелері жойылады.**

«АҚШАМ-АҚПАРАТ». (Дереккөз: ortcom.kz).

ЧЕЛЛЕНДЖ

«ЖЕҢІС ТАРИХЫ»

Алматыда патриоттық челлендж басталды

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына арналған «Менің Жеңіс тарихым» челленджі басталды, – деп хабарлады aqshamnews.kz.

Онлайн-акцияға мектеп оқушылары, жастар мен алматылықтар белсенді қатысып жатыр. Олар соғысқа қатысқан туыстарының немесе әскери жылдардағы отбасылық мұрағаттағы фотосуреттерін әлеуметтік желілерге жариялап, оларды қысқаша әңгімелермен немесе естеліктермен бірге ұсынуда.

Алматылықтардың әрбір отбасы дерлік өз атасы мен әжесінің естелігін қастерлеп сақтайды – бұл қара-ақ фотосуреттер, сарғайған хаттар, жеке заттар болуы мүмкін. Біздің бейбіт күніміз үшін жанын қиған батыр ата-бабаларымыздың ерліктері Отанына адал болған жүздеген мың қазақстандықтардың жадында мәңгілікке қалады!

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

КІТАП – КӨҢІЛ КІЛТІ

«АЮ АТҚАННЫҢ ӘҢГІМЕСІ»

Тәуекел мен түйсік хақында

Кейде әдебиетке деген сүйіспеншілік бір сәттік шабытпен, күтпеген шешіммен басталады. «Сәнік оқулары» атты әдеби-ғылыми байқауы көрнекті жазушы, фольклоршы, этнограф Зейнолла Сәніктің шығармашылығымен жақынырақ танысу мүмкіндігі туды.

Таңдаған шығармам – «Аю атқанның әңгімесі». Бұл туындыда халық аңыздары мен аңыз-оқиғалар стиліндегі еркін баяндау, әсірелеу, аллегория және этнографиялық элементтер үйлесім тапқан. Шығармада Сәрсенбай атты ақсақалдың аузынан баяндалатын аюмен болған екі түрлі оқиға негізінде оқырман назарын табиғат пен адам арасындағы байланысқа, аң-құс болмысындағы түйсіктілікке аудару мақсаты байқалады.

Алғашқы сөйлем – «Аю қытықшыл болады екен» – оқырманды бірден елең еткізіп, шығарманың ішкі атмосферасына жетелейді. Бұл – әдеби композициялық тәсіл: автор әңгімені тосын әрі қызықты детальдан бастап, оқырманның қызығушылығын оятады. Содан кейін барып Сәрсенбай ақсақалдың бейнесі егжей-тегжейлі суреттеледі. Мұнда гипербола тәсілі арқылы кейіпкердің көркем портреті жасалып, тыңдаушы бала мен оқырманға әсер қалдыратын батырлық сипат дарытылады.

Алғашқы эпизодта автор табиғат пен жан-жануар арасындағы қарым-қатынасты ерекше сипаттайды. Жаралы аюдың өзін емдеу үшін арнайы бұлақ басына келуі, сол жердің

кейіннен «ем бұлақ» атануы – халықтық танымдағы емдік қасиеттер мен хайуандардың түйсігі туралы түсініктің көрінісі. Бұл – табиғат заңдылығы, экожүйенің үндестігі туралы астарлы ой.

Екінші оқиға – аллегориялық сарында өрбиді. Аюдың «өлген» кейіп танытып, аяқ астынан тіріліп, шабуылға шығуы – бір жағынан, оқиғаға драмалық серпін берсе, екінші жағынан, күлкі тудыратын түс. Кейіпкердің аяқпен аюды «қытықтап» алуы – әрі күлкілі, әрі сатиралық сипат алған көркем әдіс. Осылайша шығармада шынайы мен қиял, қорқыныш пен юмор, фольклор мен заманауи түсінік шебер үйлеседі.

Қорыта айтқанда, Зейнолла Сәніктің бұл шағын әңгімесі – көлемі кіші болғанымен, ойы терең, ұлттық ауыз әдебиеті мен этнографиялық болмысын көркем тілмен жеткізетін құнды дүние. Шығарма бала көңілдегі қорқыныш пен қызығушылықты, ересек санадағы таным мен түйсік ара-қатынасын әсерлі бейнелейді.

Ділназ ҚҰМАР,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Журналистика факультетінің
1-курс студенті.

КӨҢІЛ АЙТУ

Аудандық ардагерлер кеңесі және Парламент ардагерлері мемлекет және қоғам қайраткері, Социалистік Еңбек Ері, Алматы және Қостанай қалаларының Құрметті азаматы **Вера Васильевна СИДОРОВАНЫҢ** 91 жасында қайтыс болуына байланысты туған-туысқандарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00–ден 18.00–ге дейін хабарласыңыз

Almaty AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенді және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 13 260 дана (жұма)

Кезекші редактор – Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет "Almaty aqshamy" -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет "Алматы-болашақ" АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

www.aqshamnews.kz

 aqshamy.official

 aqshamy.official

 [@aqshamy_kz](https://t.me/aqshamy_kz)



«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»

«САЯБАҚТАР ШЕРУІ» АКЦИЯСЫ


жаһандық бастамалармен үндес

Алматыда өткен «Саябақтар шеруі – 2025» акциясына Наурызбай ауданының №157 мектеп ұжымы белсене атсалысты. Бұл күні аталмыш акцияға ауданның ардагерлері мен тұрғындары да қатысты. Іс-шара барысында табиғатты қорғаудағы ұрпақтар сабақтастығы салтанат құрды. Ерекше экологиялық табиғатты қорғау акциясын «Көлсай көлдері» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі ұйымдастырды.

Рая
ЕСКЕНДІР

ЮНЕСКО 2030 жылға дейінгі тұрақты даму мақсаты аясында экологиялық білімді басты басымдықтардың бірі ретінде қарастырып отыр. Осы ретте «Саябақтар шеруі» акциясы да осы жаһандық бастамалармен үндес екені анық. Сондықтан еліміз экологиялық мәдениетті мектеп қабырғасынан бастап қалыптастыру арқылы халықаралық стандарттарға сай қадам жасап келеді.

Табиғатты сақтап, оны аялау тек экологтардың ғана емес, баршамызға ортақ міндет екенін осы іс-шара тағы бір мәрте дәлелдеді.



Карикатураны салған Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бақыт ЖҮНИСОВ,
«Көлсай көлдері» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі басшысы:

Экологиялық білім беру орталығы

Өткізіліп отырған іс-шара табиғатты қорғаудың жарқын көрінісі. Бұл – тұрғындар тарапынан экожүйені қалпына келтіру мен көгалдандыру жұмыстарына қосылып отырған үлкен үлес. Мұғалімдер мен оқушылар да бастаманы қуана құптап, жоғары бағалап отыр. Демек, осынау іс-шаралар арқылы жастар табиғатты қорғаудың маңызын түсінері анық. Жалпы, ұлттық парктер – табиғат пен мәдениеттің өркениетті ордасы.

Қазақстандағы ұлттық парктер тек табиғи аймақтарды ғана қорғап қоймайды, сонымен бірге экологиялық білім беру орталықтарына айналып отыр. Қазіргі таңда «Көлсай көлдері» ұлттық паркі де мектептермен тығыз байланыс жүргізіп, жас ұрпаққа туған жер табиғатын таныстырумен қатар экологиялық білім беру жұмыстарын жандандырып келеді.

Салтанат АМАНГЕЛДІҚЫЗЫ,
Наурызбай аудандық білім бөлімінің басшысы:

Табиғатқа жанашыр ұрпақ тәрбиелеу негізі

«Саябақтар шеруі – 2025» – бір күндік акция емес, бұл – табиғатты аялауға бағытталған ұрпақтар сабақтастығының жарқын көрінісі. Осындай бастамалар еліміздегі экологиялық мәдениетті нығайтып, табиғатқа жанашыр ұрпақ тәрбиелеуге негіз болары анық. Ұлттық парктің ұйымдастыруымен өткен акция барысында оқушылармен ашық сабақтар өткіздік. Табиғат туралы бейнематериал көріп, музейге экскурсия жасадық.

Балалар қолөнер бұйымдарымен танысып, ұлттық байлықтың қадірін сезініп жатыр. Бұған қоса, экологиялық жобалары мен өз шешімдерін ұсынды. Мұндай іс-шараларды жүйелі өткізу – табиғатқа жанашырлықпен қарау тәжірибесін қалыптастырады.

